



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

**Жаңа Конституция:
жастармен
ашық әңгіме**



3-бет

**Қолданбаған жеделсағаты,
қордаланған мәселе**



4-бет

**Жүзден
жүйрік
шыққандар**



8-бет

Құқығын білген қор болмайды

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

РЕСМИ

Мектеп асханалары цифрлық жүйеге көшті

Құқық үстемдігінің салтанат куруы – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңғыру мен конституциялық реформаның түп-төркіні де осы мақсатқа бағытталғаны кәдік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне айрықша мән беріп келеді. Президенттің айтуынша, «Әділетті Қазақстанды» құру жолында әр азамат заңды құрметтеп, құқықтық жауапкершілікті терең сезінуі тиіс. Әсіресе, қазіргі цифрлық дәуірде жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру қоғам үшін өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.



Сурет: ЖИ

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік саясаттың өзегі

Бүгінде бұл мәселе әсіресе, жастар арасында өзекті. Қазіргі цифрлық дәуірде әлеуметтік желілер, интернет кеңістігі мен түрлі онлайн платформалар жастардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әйткенмен, кей жағдайда олар өз әрекеттерінің құқықтық салдарын толық түсіне бермейді. Тіпті, кейбірі құқықбұзушылыққа аңдамай қатысып кететін жағдайлар да әрәдік кездеседі.

Соңғы жылдары елімізде құқықтық мемлекет қағидатын нығайтуға бағытталған жүйелі реформалар жүзеге асырылып келеді. Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне ерекше тоқталып келеді. Осы мақсатта елімізде құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірқатар кешенді бастамалар қолға алынған. Солардың бірі – «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы. Үкіметтің қаулысымен былтыр 2025-2030 жылдарға арналған жобаны ілгерілету нақты жоспар бойынша бекіді.

Бұл бастама қоғамда құқықтық мәдени-

етті қалыптастыруды, құқықбұзушылықтың алдын алуды және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруды көздейді. Әсіресе, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, профилактикалық кездесулер ұйымдастыру және құқықтық білімді кеңінен насихаттау мәселесіне басымдық берілген.

Соңғы жылдары елімізде жастар қылмысының деңгейі белгілі бір дәрежеде төмендегенмен, мәселе өзектілігін әлі де жойған жоқ. Полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, соңғы бес

жыл мұғдарында жасөспірімдер жасаған құқықбұзушылықтар шамамен үштен біріне азайған. Соған қарамастан, құқық қорғау органдарының мәліметі бойынша жастар қылмысының басым бөлігі мүлікке қарсы құқықбұзушылықтардан тұрады. Жүргізіліп жатқан кешенді шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деңгейі біршама төмендеп, жалпы көрсеткіш бірнеше пайызға қысқарған.

► 4-бет

Қазақстанда 6 760 жалпы білім беретін мектепте оқушылардың тегін және жеңілдетілген тамақтануын есепке алу үшін «Әлеуметтік әмни» цифрлық жүйесі енгізілді. Жоба 2023 жылдан бастап кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, мектептегі тамақтану бағыты 2024 жылдан бастап іске қосылған.

Жаңа жүйе асханаға келуді тіркеу арқылы оқушылардың тамақ алуын автоматты түрде есепке алады. Осылайша жеткізушілерге төлем тек нақты берілген тамақ үшін жүргізіледі. Бұл мектепке келмеген балалар үшін бюджет қаражатының артық есептелуін болдырмайды.

Жеңілдік алу құқығы мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы тексеріледі. Ата-аналардың келісімі болған жағдайда қажетті вачерлер автоматты түрде қалыптастырылады.

Айта кетейік, 1-4 сынып оқушылары әлеуметтік жағдайына қарамастан тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Ал, жоғары сыныптарда бұл мүмкіндік жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедектігі бар оқушыларға, қолбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына беріледі.

Бұл бастама мектептегі тамақтануды есепке алудың ашықтығын арттырып, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

БӘРЕКЕЛДІ!

Мергендер мерейі

Қазақстан командалары бес күн бойы Дубай қаласында өткен әлемнің үздік арнайы жасақтары арасындағы UAE SWAT Challenge деп аталатын доғда ел намысын абыроймен қорғап, жарысты айқын жеңіспен аяқтап келді. Команда құрамында ортақ жеңіске орасан үлес қосқан қарағандылық Әмірхан Махатов пен Ердаулет Жанғали есімді жауынгерлер де бар.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

UAE SWAT Challenge – тактикалық операциялар, ғимарат пен мұнараны басып алу, кепілге алынғандарды және офицерлерді құтқару, сондай-ақ кешенді кедергілер жолағынан өту секілді бес күрделі кезеңнен тұратын халықаралық жарыс. Бұл сын алаңында тек күш пен шапшаңдық ғана емес, командалық рух пен стратегиялық шешім қабылдау да қажет. Елдің намысын қорғаған арнайы жасақ әлемнің назарын өзіне осылай қаратты. Бұл – әрине, облыстық полиция департаментінің жылдам қимылдайтын арнайы жасағының аға инспекторы, полиция капитаны, мерген Әмірхан Махатов пен Қарағанды қаласындағы 5450 әскери бөлім капитаны, мерген Ердаулет Жанғали секілді жігіттердің мығым дайындығымен, қайсар рухымен келген байрақты жеңіс.

Бұл аға инспектор Әмірхан Ерсайынұлының әлемдік деңгейдегі алғашқы додасы емес. Ол – тәжірибелі атудан спорт шеберлігіне үміткер, республикалық және халықа-

ралық турнирлердің жеңімпазы. Мұнымен қоса, жастайынан зюдомен жаттығып, бұл спорт түрінен де талай бәсекеде топ жарды.

– Арнайы құрылымдар арасындағы бұл жарыс – мергендік пен жылдамдықтың ғана емес, темірдей тәртіп пен мінсіз командалық үйлесімнің сынағы. Бағдарлама бес күрделі кезеңнен тұрады, әрқайсысы шынайы операцияға барынша жақындалатын. Алғашқы жаттығуда бір мерген мен төрт шабуылдаушы көліктен түсіп, кедергілерден өтіп, ғимаратқа шабуыл жасайды. Мерген мылтықпен және тапаншамен атып, топқа белгі береді. Соңында нысаналарды әр қалыпта көздеп, шартты түрде жараланғандарды тасымалдаумен аяқталады, – дейді мерген Әмірхан Ерсайынұлы.

Жарыс бағдарламасында белгіленген бес сынақ дәлдік, төзімділік, тактикалық ойлау мен командалық бірлікті қатар тексереді. Бұл күрделі тапсырмаларды шебер орындап шыққандардың бірі қарағандылық мерген Ердаулет Жанғали еді. Әскери сала – оның бала күнгі арманы. Теледидардан



әскери бағдарламаларды көріп, «осындай форма киіп, елге қызмет етемін», деп өзіне серт беріп өскен көрінеді. Бүгінде сол арманы шындыққа айналып, ол Отан алдындағы жауапты міндетін адал орындап жүр.

– Жарыстың атмосферасы ерекше болды. Ережелер қатаң, талаптар бұрынғыдан да күрделі бола түсті. Бес күн бойы әр күннің өз шарты, өз сынағы болды. Мерген ретінде

мен үш қалыпта – жатып, отырып және тұрып аттым. Әр қалып дәлдік пен тұрақтылықты талап етеді. Нысаналарды орындаған соң бірден жүгіріп келіп, 80 келілік сұлбаларды көтеріп, мәреге жеткізу керек болды. Яғни мерген тек мергендікпен емес, күш пен төзімділікпен де сыналды. Екінші күні бес қабатты ғимаратқа көтеріліп, 60 метр қашықтықтағы нысананы бір оқпен құлату тапсы-

рылды. Сол бір оқ бүкіл команданың қозғалысын шешеді – нысана құламайынша топ алға жылжымайды. Бұл үлкен жауапкершілік жүктейді. Үшінші күн ең қиын кезеңдердің бірі болды: 60 метр қашықтықта диаметрі 3 сантиметрлік кара шеңбердің дәл ортасына төрт рет тигізу керек. Аз ғана қателік командалық нәтижеге кері ықпал етеді. Төртінші күні қашықтық ұзарды: алдымен 100

метрден үш нысана, кейін бесінші қабатқа көтеріліп, 300 метрден екі нысананы ату керек болды. Шаршаған күйде дәлдік сақтау оңай емес. Бесінші күн – күш пен намыстың сынағы. Қарусыз кедергілер жолағы, жоғары жүктеме, тек командалық рухқа сүйенесің. Осы бес күнде біз жоғары нәтиже көрсетіп, барлық қиындыққа төтеп бердік. Соның арқасында жеңіске жеттік. Бұл – табандылық пен бірліктің жеңісі, – дейді Ердаулет Жанғали.

Жеңіспен оралған Қазақстан құрамасын ел айрықша құрметпен қарсы алды. Командир Ердаулет Жанғали Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ал Әмірхан Ерсайынұлы Мемлекет басшысының Алғыс хаты мен Ішкі істер министрлігінің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медаліне ие болды.

Ел командасының жеңіске жетуіне үлестерін қосқан қарағандылық жауынгер «Көк түбикке көтерілгенде, көзге еріксіз жас келді», дейді. Елге деген махаббаттың ең биік көрінісі – осы. Жігерлі жігіттер мен қайратты қазақ қыздары – намыстың наркескеніндей, рухтың байрағындай. Жаса, қазақ жауынгері!

Сурет кейінкерлердің жеке мұрағатынан

Ақпарат саласының аруларына құрмет

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ақпарат саласында еңбек етіп жүрген аруларға құрмет көрсетті. Мерекелік кездесуде өңір басшысы журналист аруларды көктемнің шуақты мейрамымен құттықтады.

Анда РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы өз сөзінде бұқаралық ақпарат құралдарында табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандардың қоғамдағы рөлін ерекше атап өтті.

– Алдымен барша нәзік жанды келе жатқан көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Облысымыздағы бұқаралық ақпарат құралдарында табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандарды ерекше атап өткім келеді. Сіздер қоғамдық пікір қалыптастырып, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды дер кезінде жеткізіп, ақпарат кеңістігінің дамуына зор үлес қосып келесіздер. Еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, халықтың сенімі мен құрметіне бөлене берсін. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасы амандығын, шығармашылық табыс пен толағай жетістіктер тілеймін, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Сонымен қатар, облыс әкімі журналистерге ашық диалогқа, ұсыныс-пікірлері мен сұрақтарына жауап беруге әзір екенін жеткізді.



Кездесу барысында газет, сайт, телеарна және радиода қызмет атқаратын журналистер Қарағандының дамуына қатысты көптеген өзекті сауалдар қойды. Әсіресе, қаланың сәулеттік келбеті, тарихи нысандарды сақтау, урбанизация үдерісі, экологиялық ахуал сынды маңызды тақырыптар кеңінен қозғалды.

Журналистер Гагарин алаңы аумағындағы жаңа ғимараттың қаланың жалпы сәулеттік ансамблімен үйлесімі туралы пікірін сұрады.

– Бұл мәселені сәулетшілермен бірге талқыладық. Ғимарат заманауи стильде салынған, ірі нысан екені рас. Қазіргі архитектура бұрынғы құрылыс тәсілдерінен өзгеше. Менің білуімше, онда



заманауи медициналық орталық орналасқан, барлық тиісті рұқсат құжаттары бар. Ансамбльден ерекшеленетінімен келісемін. Дегенмен, бүгінгі заман талабына сай ғимараттардың да өз орны бар. Қазір ол жерге LED-экран орнатылып жатыр деп естідім. Сондықтан, бұл мәселеге біржақты баға беру қиын, – деді облыс әкімі. Сондай-ақ, журналистер соңғы

жылдары қала келбетінің айтарлықтай өзгеріп жатқанын, жаңа шағын аудандар бой көтергенімен, тарихи келбетті сақтау мәселесі қаншалықты назарда екенін сұрады. Аймақ басшысы урбанизация әлемдік үрдісі екенін атап өтті. Қала өсіп, дамыған сайын жаңа нысандар салынатынын, алайда тарихи маңызы бар ғимараттарды сақтау назардан тыс қалмайтынын

жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі таңда реновация бағдарламасы қарастырылуда. Сондай-ақ, тозығы жеткен үйлер сүріліп, орнына заманауи көпқабатты тұрғын үйлер салынады. Сонымен қатар, жерасты қазбалары бар аумақтарда құрылыс жүргізуге шектеулер бар екені де ескерілді.

– Тарихи нысандарды сақтауға тырысамыз. Мәселен, салық басқармасының ғимаратына қатысты түрлі ұсыныстар болды, алайда, оны бұзуға жол бермедік. Қазір жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді өңір басшысы.

Кездесуде қаланың сан жылдан бергі басты мәселесі экологиялық ахуалы да назардан тыс қалмады. Журналистер қала ауа-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

сының ластануы туралы сауал қойып, атмосфералық жағдайға қатысты нақты шаралар жайын сұрады.

– Экологиялық мәселелер тарихи тұрғыдан бар екені рас. Қазір пайдаланылмай жатқан ескі үйінділер мен өндірістік аумақтарды ретке келтіру қажет. Бұл бағытта нақты жоспар әзірленіп жатыр. Экологтармен бірлескен жұмыс жүргізілуде. Ресми мәлімет бойынша көрсеткіштер рұқсат етілген нормадан аспайды. Дегенмен, қалада тұман бар екенін жоққа шығара алмаймын. Қалада шамамен 200-ге жуық қазандық бар, олардың барлығы 4-санатқа жатады. Газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда: алдымен жеке тұрғын үйлер, кейін өзге нысандар қосылады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жалпы, кездесу ашық әрі мазмұнды форматта өтіп, журналистер Қарағандының әлеуметтік-экономикалық дамуы, құрылысы, экология және инфрақұрылым мәселелері бойынша нақты жауаптар алды.

Кездесу соңында ақпарат саласының өкілдері мереке қарсаңындағы құрмет пен ашық әңгіме үшін аймақ басшысына алғыс білдірді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Талғам таразысындағы тарихи таңдау



15 наурыз – ел болашағы үшін жауапкершілікті өз қолымызға алатын сәт. Бұл – мемлекеттілігімізді жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған тарихи шешім қабылдайтын күн. Республикалық референдумда еліміздің ертеңіне дауыс береміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Осылайша, еліміз жаңа Ата Заңды қабылдау кезеңіне қадам басты. Бұл бастама – соңғы жылдары жүргізілген саяси жаңғыру үдерісінің заңды жалғасы әрі институционалдық тұрғыдан бекемделуі.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Конституция жобасы ашық қоғамдық талқылаудан өтті. Бұл – бұрын-соңды болмаған тәжірибе. 10 мыңға жуық ұсыныс түсіп, олардың барлығы сараланып, жүйеленді.

Құжатты әзірлеуге 130 кәсіби маман қатысып, нәтижесінде 77-ден астам бапқа өзгеріс енгізілген. Ата Заң құрылымының 84 пайызы жаңартылмақ.

Маңызды бастаманы қолдау үшін жалпыұлттық коалиция құрылды. Бұл – қоғамның әртүрлі топтары реформаның қажеттілігін түсініп, ортақ жауапкершілікті бөлісуге дайын екенін көрсетеді.

Жаңа редакция жобасы 11 бөлімнен, 96 баптан тұрады. Жаңа редакция жобасында негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер кеңінен қамтылуы құрылымдық басымдық өзгергенін аңғартады.

Сондай-ақ, жаңа «Халық кеңесі» бөлімі енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық Құрылтай институттар орнына құрылатын бұл орган – қоғамдық диалогтың жаңа форматы. Халық Кеңесінің құрамына еліміздегі этностардың, қоғамдық бірлестіктердің және өңірлердегі мәслихаттардың өкілдері кіреді. Бұл жергілікті жерлердегі жағдайды ескеруге мүмкіндік береді. Яғни, өкілділік ауқымы кеңейіп, қоғам үшін жеткізудің институционалдық алаңы күшейеді.



Жаңа Конституция жобасының басты ерекшелігі – адамды мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде жариялауы. Преамбулада адамдардың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтау міндеті нақты бекітілген. Ал, бірінші бапта адамның құқықтары мен бостандықтары ең жоғарғы құндылық ретінде танылды. Яғни, ұлттық бірегейлікті нығайтатын, мемлекеттілік дәстүрін жалғастыратын тұжырым қолға алынды.

Демократиялық мемлекеттің басты шарты – билік тармақтарының өзара тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі. Жаңа Конституция осы принципті күшейтеді.

Президент, Парламент және Үкіметтің құзыреттері нақты айқындалады. Әр институт өз өкілеттілігін шегінде жұмыс істеп, жауапкершілік алады. Президент Конституцияның кепілі ретінде қала береді, бірақ, саяси жүйе тепе-теңдік пен жауапкершілікке негізделмеқ.

Бұл басты құжат – реформалардың заңнамалық тірегі. Онда адам құқықтарын қорғау, қоғамдық келісімді нығайту, ұлттық құндылықтарды сақтау және заманауи сын-қатерлерге жауап беру тетіктері қамтылған. Жаһандық геосаяси өзгерістер, технологиялық серпіліс, цифрландыру дәуірі мемлекеттен жаңа

Ендігі кезең – оны институционалдық тұрғыдан нығайту.

Сонымен бірге, Преамбулада тарихи сабақтастық мәселесі айқын көрініс тапты. Қазақ жеріндегі байырғы мемлекеттердің мұрагері екеніміз атап өтілді. Мыңжылдық тарихымыз ұлттық құндылық ретінде танылды. Яғни, ұлттық бірегейлікті нығайтатын, мемлекеттілік дәстүрін жалғастыратын тұжырым қолға алынды.

Біз – байтақ өлкені мекендеген байырғы мемлекеттердің мұрагеріміз. Тәуелсіздігімізді қайта жаңғыртқанымызға да 35 жыл толып отыр. Қазір шекарасы шегенделген, әлем мойындаған дербес мемлекетпіз. Енді оны нығайтуға тиіспіз. Ал, болашағы жарқын мемлекет – берік Конституциядан басталады!

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Конституция – Брайль қарпінде

Елімізде алғаш рет жаңа Конституция Брайль қарпімен басылып шықты. Бұл бастама – құқықтық теңдік пен қолжетімді қоғам құру жолындағы тарихи қадам.

Айрықша атап өтерлігі, игі жобаға ұйытқы болып, оны жүзеге асырған – Қарағанды облысы. Осылайша, өндірісті өңір инклюзивті бағыттағы нақты істерімен өзге облыстарға үлгі болды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – еліміздегі Негізгі Заңның көру қабілеті бұзылған азаматтар үшін толықтай бейімделген алғашқы әрі бірегей нұсқасы. Басылым зағип және нашар көретін жандардың қажеттіліктері ескеріліп дайындалған жаңа Конституция Брайль қарпімен кітап болып басылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылды. Қазіргі таңда кітапханаға арнайы келушілердің барлығына қолжетімді.

Бұл бастама осылайша өңірде инклюзивті қоғам қалыптастыру бағытындағы маңызды практикалық қадамдардың бірі болып отыр. Қарағанды облыстық зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханаға жиналған инклюзивті білім беру саласының мамандары облыс алғаш болып қолға алған бұл іс – еліміз үшін үлкен әлеуметтік маңызы бар жаңалық екенін ерекше атап өтті.

Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың басшысы Ғалым Нұрлановтың айтуынша, Конституцияның Брайль қарпімен басылуы – азаматтардың елдің негізгі заңына тең қол жеткізу қағидатының нақты көрінісі.

– Конституция жобасын талқылау, оған пікір білдіру, референдумда үн қосу – азаматтық қоғамның әрбір өкілі үшін зор жауапкершілік. Елдің болашағы мен егемендігі үшін аса маңызды құжатпен мүмкіндігі шектеулі жандар да толық танысуы тиіс. Өйткені, бәріміз – бір Отанның перзентіміз. Референдум алдындағы ең маңызды іс-шаралардың бірі осы деп есептеймін. Ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін конституциялық мәтіннің қолжетімді

болуы – әділетті әрі әлеуметтік бағдарланған мемлекет құру жолындағы нақты қадам, – деді ол.

Шара барысында қатысушылар қолжетімді ортаны дамыту, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мәселелерін талқылады. Жиынға қатысушылардың пікірінше, бұл тек мәдени-ағартушылық іс-шара емес, қоғамдағы теңдік пен бірлік қағидаттарын нығайтуға бағытталған маңызды бастама.

– Шын мәнінде, Конституция – әр азаматтың құқығы мен бостандығын айқындайтын басты құжат. Онымен танысу мүмкіндігі баршаға бірдей болуы – әділетті қоғамның басты белгісі. Кеншілер өңірі осы бағытта нақты қадам жасап, ел тарихында алғаш рет Конституцияны Брайль қарпінде ұсынды. Бұл – тек бір өңірдің жетістігі емес, тұтас ел үшін маңызды зор оқиға. Инклюзивті қоғам құру жолындағы мұндай игі бастамалар мемлекетіміздің әлеуметтік жауапкершілігін және «Ешкім де назардан тыс қалмайды» қағидатының іс жүзіндегі көрінісін дәлелдейді, – деп атап өтті инклюзивті білім беру саласының мамандары.

Алдағы уақытта Брайль қарпіндегі Конституция білім беру ұйымдарында, арнайы кітапханаларда, қоғамдық бірлестіктерде кеңінен қолданылып, құқықтық түсіндіру жұмыстарында үлкен пайдасын тигізеді. Бұл басылым көру қабілеті бұзылған азаматтардың ел өміріне белсенді араласуына, қоғамдық талқылауларға қатысуына, өз құқықтарын тереңірек түсінуіне сеп.

Сонымен қатар, бұл тәжірибе еліміздің өзге өңірлеріне үлгі болып, болашақта басқа да маңызды мемлекеттік құжаттарды қолжетімді форматта ұсынуға негіз болмақ. Алдағы уақытта да қоғам игілігіне қызмет етіп, әр азаматтың заң алдында тең екендігін іс жүзінде дәлелдей бермеқ.

Жаңа Конституция: жастармен ашық әңгіме



• КӨЗҚАРАС Жаңару жолындағы жарқын қадам

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жастар қанатымен кездесті. Кездесуге республикалық конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі, облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов пен Қарағанды облысы ҚХА ғылыми-сараптамалық тобы жастар қанатының төрағасы Рустам Бузяков қатысты. Басқосу Қазақстан Республикасының Жаңа Конституциясын талқылау мақсатында қоғамдағы маңызды саяси үдеріс төңірегінде ашық пікір алмасу алаңына айналды.

Жәлел ШАЛҚАР
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуді облыстық ҚХА Еңбек Ассамблеясы мен Журналистер клубының мүшесі Дәуренбек Бағдәулет жүргізді.

Әлібек Әлденей адами капиталды дамыту, жастардың сапалы білім алуы, кәсіби тұрғыда қалыптасуы және әлеуметтік белсенділі-

тұрақтылықтың тірегіне айналды. Ендігі кезеңде аталған институт Қазақстанның Халық кеңесі форматына өтіп, қоғамдық диалогты заң шығару үдерісімен тікелей байланыстыратын жаңа мүмкіндіктерге ие болмақ.

Басқосуда Халық кеңесінің өкілеттіктері, мемлекеттің ішкі саясатын дамыту бағыттары бойынша ұсыныс әзірлеу, Құрылтайға



қызметкер ретінде ғана емес, ең алдымен ел азаматы ретінде қатысатынын айтты.

Бұдан бөлек, Жоғары инженерлік колледж студенті Анастасия Шачина Конституцияны оқу бағдарламаларына кеңінен енгізу қажеттігін ұсынды. Оның пікірінше, мектептер мен жоғары оқу орындарында Негізгі заңды жүйелі оқыту – құқықтық мәдениетті арттырудың маңызды тетігі.

Ал, Қарағанды облысы көрістер қауымдастығы жастар қанатының мүшесі Валерия Цой волонтерлік қызметтің, инновация және креативті ойлаудың жастар өміріндегі маңызына тоқталды. Ол жасанды интеллектті дамыту және цифрлық технологияларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

– Ерікті болу мен үшін үлкен жауапкершілік әрі маңызды миссия. Бұл қоғамдағы өзгерістерге бейжай қарамауға, ел дамуына өз үлесінді қосуға ынталандырады. Технологиялар қарқынды дамыған заманда жасанды интеллект өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Сол себепті, білімді әрі жауапты жастар – ел дамуының басты тірегі. Сонымен қатар, жастардың пікірін құлақ асатын жаңа жүйе қалыптасып келеді. Бұл бізге елдегі өзгерістерге белсенді атсалысуға мүмкіндік береді. Сондықтан мен референдумға қатысып, өз таңдауымды жасаймын. Болашақ бүгін қабылданатын шешімдерден басталады, – деді Валерия Цой.

«Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің жастар қанатының мүшесі Умар Мадаев жаңа Конституция жастарға сенім мен мүмкіндік беретін басты құжат екенін, ол құжат әрбір жас азаматтың білім алып, кәсіби жолын табуға жағдай жасайтынын тілге тиек етті.

Достық үйі жанындағы «Мәміле» сөйлесу клубының жетекшісі Ольга Тим жаңа Конститу-

цияның айтуынша, 2019 жылдан басталған саяси реформалар – Парламент рөлінің күшеюі, Конституциялық соттың қалпына келтірілуі сынды маңызды өзгерістердің негізін қалады. Ал, жаңа Конституция сол бастамалардың заңды жалғасы болмақ.

Жаңа Конституцияның жастарға кең мүмкіндіктер ашатынын, мамандықты еркін таңдау, ел басқару ісіне қатысу, құқықтарын қорғау, ғылым мен инновацияны дамытуға мүмкіндік беретінін де атап өтті. Одан бөлек, адам құқықтарын қорғау кепілдіктері күшейтіліп, әділ сот қағидаттары нығайтылып, Конституцияға өзгерістердің тек референдум арқылы енгізілетінін айтты.

– Бұл референдум – әр азаматтың өз болашағына қатысты таңдау жасау мүмкіндігі. Жаңа Конституция – білімге, ғылымға, инновацияға және ең бастысы адамға салынған инвестиция. Сол себепті жастар белсенділік танытып, ұсынған өзгерістерді мұқият зерделеп, өз ұстанымдарын қалыптастыру керек. Себебі, мықты мемлекет – ел тағдырына бейжай қарамайтын



гін арттыруы мемлекеттің басты назарына алынғанын жеткізді.

Өз сөзінде ол: «Қоғамның бүгінгі талап-тілегін ескерген жаңа Конституция ел дамуының негізгі бағыттарын айқындайды. Еліміздің басты құжатында азаматтардың құқықтары мен міндеттері айқындалып, олардың қоғамдық шешімдерге қатысу мүмкіндігі кеңейтіледі», – деп атап өтті.

Кездесу барысында Әлібек Үсенұлы әлемнің дамыған елдерінің (АҚШ, Сингапур, Франция, Канада) тәжірибесінен мысалдар келтіріп, Қазақстанның өсіп-өркендеу жолын саралады. Соңғы жылдары елімізде ауқымды саяси және институционалды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Қоғамдық диалогты дамыту, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын орнықтыру, саяси жүйені жаңғырту, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы бастамалар мемлекеттік басқарудың жаңа сапасын қалыптастырды. Жаңа Конституция – осы жүйелі реформалардың заңды жалғасы әрі оларды біртұтас құқықтық негізде бекітетін маңызды қадам.

Әлібек Үсенұлы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында этносаралық келісімге негізделген «Сан алуандылықтағы бірлік» моделінің негізі қаланғанын да атап өтті. Бұл үдерісте Қазақстан халқы Ассамблеясы шешуші рөл атқарып,

заң жобаларын енгізу және референдум бастамасын көтеру құқығы берілетіні айтылды. Бұл – түрлі қоғамдық бірлестіктер мен өңірлік құрылымдардың рөлін күшейтіп, азаматтық бастамалардың нақты саяси шешімдерге ықпал етуіне мүмкіндік береді. Қарағанды облысының қоғамдық келісім саласындағы тәжірибесі жаңа модельді тиімді жүзеге асыруға негіз болатыны да ерекше атап өтілді.

– Біз бүгін тарихи шешімнің алдында тұрмыз. Жаңа Конституция – еліміздің саяси жаңғыру жолындағы батыл қадам, азаматтардың құқықтары мен жауапкершілігін айқындайтын берік құқықтық негіз. Бұл құжат қоғамдық келісімді одан әрі нығайтып, этномәдени бірлестіктердің рөлін күшейтеді. Сондай-ақ әр өңірдің үні мемлекеттік деңгейде естілуіне жаңа мүмкіндік береді. Ең бастысы – бұл өзгерістер жастарға өз әлеуетін толық жүзеге асырып, ел дамуына белсенді қатысуға жол ашады. Өйткені Әділетті Қазақстанды құру – баршамызға ортақ міндет, – деді Әлібек Әлденей.

Келесі болып сөз алған Нұркен Кобжанов конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрамындағы жұмыстың жауапкершілігін атап өтті. Нұркен Сайфиддинұлы басқаратын «Бірлік» депутаттық тобы этномәдени бірлестіктермен тығыз жұмыс жүргізіп келеді. Об-



лыстық мәслихат депутаттарының қатарында Ассамблея мүшелерінің көп болуы да – берік ынтымақтастықтың айғағы.

Нұркен Сайфиддинұлы 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумның тарихи маңызына тоқталып, жаңа Конституция еліміздің даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат екенін атап өтті. Облыстық мәслихат төраға-

сы белсенді азаматтардан құралады, – деді Нұркен Кобжанов.

Ал, Рустам Бузяков өз сөзінде ғылыми-сараптамалық топтың беделі мен зияткерлік әлеуетіне тоқталды. Оның айтуынша, жаңа Конституция қабылданған жағдайда да, ҚХА құрылымдары қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту бағытындағы жұмысын жалғастыра бермек.

Кездесудің келесі бөлігі еркін пікір алмасуға ұласты. Алдымен, сөз алған Игорь Жабяқ айтылған бастамаларға қолдау білдіріп, аға буын өкілдері жастардың белсенділігіне сенім артатынын жеткізді. Кезек-кезек сөз сұрап, өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салған Ассамблея жастары жоғары белсенділік танытты.

«Абай әлемі» байқауының жеңімпазы Елизавета Седышева мемлекеттік тілде еркін-еркін сөйлеп, мұндай кездесулер жастардың елдік мәселелерді терең түсінуіне ықпал ететінін айтты. Жас ана ретінде ол өз перзентін нағыз қазақстандық патриот етіп тәрбиелеуді басты міндет санайтынын да жасырмады.

Ал, 5400 әскери бөлімінің кинолог маманы Руслан Зайцев патриотизм ең алдымен заңға деген құрметтен, тарихи санадан және халық бірлігін сақтау жолындағы нақты іс-әрекеттен аңғарылатынын атап өтті. Ол референдумға әскери

ция қоғамның прогрессивті дамуының көрінісі екенін атап өтті. Оның пікірінше, референдумнан кейін де түсіндіру жұмыстары жалғасуы тиіс. Ол бұл тақырыпты өз сабақтарында тұрақты түрде қозғайтынын айтты.

Кездесу соңында Әлібек Үсенұлы айтылған ұсыныстар мен пікірлерге алғыс білдіріп, жастардың азаматтық белсенділігін жоғары бағалады. Қоғамдағы әрбір реформаның табысты болуы халықтың қолдауына байланысты екенін де назардан тыс қалдырмады. Ассамблея жастары тарапынан қойылған сұрақтарға тұшымды жауап берген ол:

– Бүгінгі кездесу – ашық диалогтың үлгісі. Жастардың белсенді ұстанымы еліміздің болашағына сенім ұялатады. Жаңа Конституция – ертеңіміздің кепілі. Сол себепті, жас буын еркін дамуға жол ашатын басты құжат жобасын егжей-тегжейлі оқып, басты идеяларына қатысты өз пікірін ашық білдіруі тиіс, – деді ол.

«Достық үйіндегі» мазмұнды кездесу жаңа Конституция төңірегінде сындарлы пікір алмасуға жол ашып, жастардың ел дамуына зор жауапкершілікпен қарайтынын аңғартты. Басқосу билік пен жастар арасындағы ашық диалогтың маңызын тағы бір мәрте айғақтады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• ӨЗЕКТІ

Қолданбаған жеделсаты, қордаланған мәселе

Лифт жоқ, шот бар: қарағандылықтар 600 мың теңгеге жуық төлем «қақпанына» түсіп қалды.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өріптесіміз Ирина Вабищевичтің 5 арнадағы тосын бейнесюжеті бізді де бейжай қалдырмады. Майқұдықтағы бірқатар тұрғындар жаңғырту орталығынан түбіртек алғанымен, лифтке қол жеткізе алмай отыр. Зейнеткер Бибігүл апа сияқты қарттар ең төменгі зейнетақысынан жұмыс істемей тұрған жеделсаты үшін ақша төлеуге мәжбүр. Ортақ мүлікке салынған бұл күдікті төлем шынайы қажеттілікке сай ма, әлде қисынсыз жайт па? Тұрғындар әлі күнге білмей дал. «Лифт бізге жеткен жоқ, ал шоттар жетті» дейді олар жүзі қабырып. Жағымсыз жағдаятқа шағымданған олар лифтіні ешқашан пайдаланбаған, әрі алдағы уақытта да пайдалана қоюы екіталай.

Тұрғындар қолданбайтын лифтіге қандай негізде қаражат төлеу қажеттігін білмей әуре-сарсаңға түскен. Мұндай шешімді кім қабылдайды? Әрі тығырықтан шығар жол бар ма? Майқұдық тұрғыны Бибігүл Илиясова – зейнет жасындағы ана.

– 76 жастамын. Өмір бойы еңбек етіп, ел қатарлы салық та төледім. Зейнет жасына жеткен соң тыныш та берекелі қарттық кешемін деп ойлаған едім. Осы күні ең төменгі мөлшердегі шағын зейнетақымен күн көрудің өзі оңай емес. Дәрі-дәрмек, коммуналдық төлем, азықтүлік бәрі дерлік қымбаттап жатыр. Енді жарытып жұмыс істемей тұрған, әрі өзім пайдаланбайтын жеделсатыға не үшін ақша төлеуім керек? – деп қыжылдады Бибігүл апа.

– Мен лифтке мінбеймін, жоғарғы қабатқа шыға қоймаймын. Ал, ай сайынғы түбіртекте «лифт қызметі» деген жолақ менмендәлап тұр. Бұл қаншалықты әділ? Зейнеткердің әр теңгесі санаулы.

Бибігүл апа мәселенің тек өзіне ғана емес, көпшілік зейнеткерлерге ортақ екенін айтады. Оның сөзінше, заң мен тәртіп тұрғындардың мүддесін тең қорғауы тиіс. Егер қызмет көрсетілмесе, немесе пайдаланылмаса, төлемнің де әділдігі қарастырылуы керек.

– Біз артықшылық сұрамаймыз. Тек әділдік керек. Жасы келген адамның қалтасына салмақ салмай, нақты пайдаланылған қызмет үшін ғана ақы алына берейміз. Әр тиын – біз үшін еңбекпен келген адал бейнетіміздің зейнеті, – дейді кейуана.

Алғашында қолына түбіртегін алған ол басында бұл бір қателік болар деп,



Сурет: ЖИ

мән бермеген көрінеді. Тұрғынға 589 мың теңге сомасындағы қаражатты төлеу ұсынылған. Бұл – жаңғырту жұмыстары үшін төлем. Оны пәтердің шаршы метрі бойынша есептеп, жеті жылға бөліп қойған. Бір қызығы, атаулы үйдегі жеделсаты үшінші қабаттан бастап көтеріледі екен. Ал, Бибігүл апа сол үшінші қабаттың тұрғыны. Бұған сол қабаттағы үш көршісін қосып қоялық.

Восток-2 шағынауданы, бесінші үй тұрғыны Ольга Касолопова мұндағы үйде тұрғын пәтерлер үшінші қабаттан басталатындығын тілге тиек етті.

– Лифт менің қабатымнан басталады. Енді өзіміз қолданбайтын лифтіге қаражат шығындаудың не қажеті бар? – дейді Ольга ханым.

Оның сөзінше қолданылмас игілік үшін түбіртек жолдап жатқан құзырлы мекемелерге өкпесі қара қандай өзге тұрғындардың да. Олар мұны ортақ үй мүлкі деп танып, заңға сүйеніп отыр. Қисынна келсек, ортақ мүлік атаулысы барлығына дерлік қолжетімді болмағы ләзім. Мұндағы тұрғындар үйдің оңдалуына қаражат жиналса бір-сәрі дейді. Мұндай әділетсіз шешімге тұрғындар наразы.

Қарағанды қаласының Тамерлан Абылкасымов болса, Тұрғын үй қатынастары туралы заңның 2-бабына сәйкес, кооперативті нысан – ортақ мүлік болып та-

былатындығын алға тартады. Шешім тұрғындар жиналысында, кворум қамтамасыз етілген жағдайда ғана қабылдануы тиіс екендігін назарға алды. Өз кезегінде мәселенің мәнісіне үңілген сарапшылар тарабы қолға түбіртек келіп жеткен болса, жалпы механизм қосылды дегенді білдіретінін атап өтті. Демек, түйткілдің ақ-қарасына көз жеткізбек үшін жалпы жиын хаттамасын тексеру қажеттігіне мән берілді. Тұрғындар жиналыс хаттамасын сұрауға құқылы. Үдеріс бұзылған жағдайда, шешімді сот арқылы жарамсыз деп танауа болады.

Тұрғындардың алдағы жоспарына оралсақ, олар мәселені әлеуметтік желіде талқылап қоюмен шектелмей, ресми түрде наразылық білдіріп, сотқа арыз түсіруге дайындалып жатыр. Өйткені, әңгіме ауаны принципті мәселе – әділдік пен заңдылық тұрасында болып отыр. Олардың айтуынша, дәл жанындағы қапталдас подъездегі көршілері осындай жағдайға тап болып, ортақ жиналыс өткізіп, тиісті органдарға шағымданып, нәтижесінде лифт үшін алынатын төлемді алып тастауға қол жеткізген. Бұл жарқын мысал қазіргі талаптың күр қиял емес, заң аясында шешілуі мүмкін мәселе екенін көрсетеді. Сондықтан, олар да өз құқықтарын қорғауға бел буып отыр.

Алайда, осы жайт бірқатар күрделі сұрақтарды алға тартты. Бір үйдің ішін-

де, бір мекенжайда орналасқан подъездер арасында төлем тәртібінің әртүрлі болуы құқықтық олқылықтардың барын аңғартады. Қолданыстағы заңнамада ортақ мүлікке қатысты нормалар болғанымен, нақты пайдаланылмайтын қызмет үшін төлем алу мәселесі түсініксіз тұстарға тіреледі. Нәтижесінде бірінші қабатта тұратын, лифтіні мүлде қолданбайтын адамдар да, жоғары қабаттағы белсенді пайдаланушылармен бірдей ақы төлеуге міндеттеліп отыр.

Бұл жағдай қабаттар мүддесінің қайшылығын да айқын көрсетті. Жоғары қабат тұрғындары лифтінің үздіксіз жұмысын өмірлік қажеттілік деп санайды. Ал, төменгі қабаттағылар өздері пайдаланбайтын қызмет үшін төлеуді әділетсіздік деп қабылдайды. Ортақ мүлік ортақ жауапкершілік жүктейді деген қағида бар болғанымен, ол қағида тұрғындардың әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін, нақты пайдалану фактісін ескермей қолданылғанда, қоғам ішінде түсінбеушілік туғызады.

Сайып келгенде, адамдар нақты көрсетілмеген немесе пайдаланылмаған қызмет үшін ақша төлеуге мәжбүр болып қалғандай әсерде. Олардың сөзінше, бұл – «ауаға ақша шашумен» тең. Сондықтан, мәселе тек бір түбіртектегі жол туралы емес, заңдағы тепе-теңдік пен әділдік тетіктерін қайта қарау қажеттігі туралы болып отыр. Тұрғындар сот арқылы осы түйінді тарқатып, болашақта мұндай даулардың алдын алатын нақты құқықтық айқындық орнатуды көздейді.

Бұл – тұрғын үй саласындағы жүздеген түйткілдің бір жұпыны мысалы ғана. Келер күндерде де атаулы мәселеге ат ізін салып, сараптауды күл көреміз. Қарапайым бір түбіртек кейде тұтас қоғамның жүйесін қозғайтын үлкен сұраққа айналады. Ол «ортақ мүлік» деген ұғымның мәнін, «ортақ жауапкершілік» деген қағиданың шегін қайта таразылауға мәжбүр етті. Заң бар жерде – тәртіп болуға тиіс. Ал, тәртіп бар жерде – әділдік салтанат құруы керек. Өйтпесе, үнсіз төленген әр теңге сенімнің жұқаруына айналуы бек мүмкін.

Бәлкім, сот шешімі бір күнде шыға қоймас. Бәлкім, заңның әр тармағы тағы бір мәрте сүзгіден өтер. Бірақ, осы оқиға бір ақиқатты айқын көрсетті: қоғам үнсіз қалмайды. Қарапайым тұрғын да өз құқығын талап ете алады. Лифт іске қосылса, не төлем тәртібі өзгерер. Уақыт өз шешімін табар. Ал бүгінгі таңда маңыздысы – адамдардың бейжай қалмай, заң аясында шынық іздеуі. Өйткені, әділетке бастар жол кейде үшінші қабаттан да басталуы кәдік.

Құқығын білген қор болмайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұл бағыттағы жұмыстар мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Құқық қорғау органдарының өкілдері білім беру мекемелерінде кездесулер өткізіп, жастарға заң талаптарын, құқықтық жауапкершілік, интернет қауіпсіздігі мен киберқылмыстың алдын алу мәселелері жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, оларды құқықбұзушылықтан сақтандыру.

Цифрлық дәуірдегі жаңа қауіптер

Бүгінде жастардың өмірін интернетсіз елестету қиын. Әлеуметтік желілер, түрлі онлайн платформалар, мессенджерлер – жастардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттың жылдам таралуы, жаңа технологиялардың дамуы қоғамға көптеген мүмкіндік бергенімен, жаңа қауіптердің де пайда болуына сеп болғаны жасырын емес.

Мәселен, соңғы жылдары кибербуллинг, интернет алаяқтық, жалған инвестициялық ұсыныстар, онлайн құмар ойындар мен түрлі күмәнді платформалар жастарды жиі қауіпке ұшыратады. Кей жағдайда жастар өз әрекеттерінің заң алдында жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін толық түсіне бермейді. Әлеуметтік желідегі бір сәттік сезіммен жазылған пікір, біреуді келемеждеген жазба немесе жалған ақпарат тарату да құқықбұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

Цифрлық кеңістіктегі тағы бір өзек-

ті мәселе – кибербуллинг. Интернеттегі қорлау, кемсіту немесе әдейі қысым көрсету тек моральдық тұрғыдан ғана емес, құқықтық тұрғыдан да жауапкершілікке әкелуі ықтимал. Алайда, көп жағдайда жастар мұндай әрекеттердің салдары қандай болатынын терең түсіне бермесе керек.

Бүгінгі күні әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн платформаларда «оңай табыс», «жылдам ақша» деген мазмұндағы жарнамалар жиі кездеседі. Мұндай ұсыныстардың бір бөлігі интернет алаяқтықпен немесе заңсыз қаржылық схемалармен байланысты болуы мүмкін. Кейде жастар мұндай жобаларға қызығып, өздері де байқамал күмәнді әрекеттерге араласып кететін жағдайлар да кездеседі. Тіпті, соңғы уақытта жасанды зерде көмегімен жасалған түрлі бейнежазба мен жалған ақпараттар интернет кеңістігінде желдей есіп жүр. Мұндай контенттің шынайы немесе жалған екенінің аражігін ажырату да кейде қиынға соғады.

Мамандар не дейді?

Ілгеріде сөз еткен жаңа қауіптердің алдын алу бағытында құқық қорғау органдары да жастармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Цифрлық кеңістіктегі мұндай қауіптер құқық қорғау органдарының ерекше назарында. Қазіргі уақытта интернет арқылы жасалатын құқықбұзушылықтардың түрі көбейіп, олардың әдіс-тәсілдері де сан-салаға тарамдала түскен.

– Қазіргі таңда жастардың басым бөлігі уақытын интернет кеңістігінде өткізеді. Әлеуметтік желілер, түрлі онлайн платформалар арқылы ақпарат алмасу күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналға-

лы қашан. Алайда, кей жағдайда жастар өз әрекеттерінің заң алдында жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін ескере бермейді. Мысалы, әлеуметтік желіде біреуді қорлау, жалған ақпарат тарату немесе кибербуллинг жасау да құқықбұзушылық болып саналады. Сонымен қатар, бүгінде алаяқтар түрлі мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы «оңай табыс», «жылдам пайда» секілді ұсыныстарды жиі таратады. Кей жағдайда азаматтар, әсіресе, жастар мұндай ұсыныстарға сеніп қалып жатады. Ал, онлайн құмар ойындар мен күмәнді инвестициялық жобалар жастардың қаржылық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі мүмкін, – дейді Қарағанды облысы полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Абылай Жұманов.

Маманның пікірінше, мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ең алдымен, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру қажет.

– Интернеттегі кез келген ақпаратқа сын көзбен қарау, жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелер мен ұсыныстардан сақ болу маңызды. Сондықтан, жастардың құқықтық және цифрлық сауаттылығын арттыру – киберқылмыстың алдын алуындағы негізгі факторлардың бірі, – дейді ол.

Жастардың көзқарасы

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесіне жастардың өздері де бейжай қарамайды. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті заң факультетінің студенті Құдайбергелі Садырбековтің пікірінше, құқықтық сауаттылық – әр азаматтың өмірінде маңызды

орын алатын құндылық.

– Менің ойымша, жаһандану дәуірінде жастардың өз құқығын толығымен меңгеруіне мүмкіндік мол. Оған ықпал ететін цифрлық технологияның да рөлі орасан. Кейде өзімізмен қатарлас жастар заң талаптарын толық білмегендіктен, түрлі құқықбұзушылықтарға жол беріп жатады. Оқу қабырғасында құқықтық тұрғыда тереңірек білім алып жүрсек те, сауаттылық тек оқу бағдарламасымен ғана шектелмеуі керек. Бүгінде жастар түрлі ақпарат көздері арқылы да заң мен қоғамдағы құқықтық қатынастар туралы түсінігін кеңейте алады. Мәселен, қазіргі таңда қас бұын құқықтық немесе әлеуметтік мәселелерді көтеретін фильмдер мен сериалдарды да жиі көреді. Мұндай туындыларда сот процестері, құқық қорғау органдарының жұмысы, азаматтардың құқықтары мен міндеттері сияқты тақырыптар көрініс табады. Жастар осындай дүниелерді көре отырып, заңның қоғамдағы рөлін жақсырақ түсіне бастайды, – дейді ол.

Түйін

Қоғам дамыған сайын заң да, құқықтық қатынастар да күрделене түсетіні анық. Бүгінгі цифрлық дәуірде ақпараттың жылдам таралуы, жаңа технологиялардың пайда болуы жастардың өмір салтына ғана емес, олардың құқықтық жауапкершілігіне де жаңа талаптар қоя бастады. Сондықтан, құқықтық сауаттылық – тек құқық қорғау органдарының немесе білім беру мекемелерінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндетіне айналып отыр. Заңды құрметтеу ең алдымен, адамның ішкі мәдениетінен, тәрбиесінен басталады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жастарды жазалау мәселені шешпейді

28 ақпан мен 2 наурыз аралығында көліктегі полиция департаментінің қызмет көрсету аумағында «Заң және тәртіп – қауіпсіз балалық шақтың кепілі» республикалық акциясы аясында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Басты мақсат – жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтарын қорғау және теміржол көлігі нысандарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы бағытта көліктегі полиция қызметкерлері вокзалдарда, перрондарда және жолаушылар пойыздарында ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, қараусыз қалудың алдын алу, теміржолдағы жазатайым жағдайларды болдырмау және жасөспірімдердің заңға құрметпен қарауын қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Акция барысында қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, түрлі жарыстарға қатысу үшін жолға шыққан екі мыңнан астам жас спортшының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында көліктегі полиция бөлімшелеріне 74 жасөспірім жеткізілді. Олардың 33-і өкілшілік жауапкершілікке тартылды. Ал, 41-і – заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз қоғамдық орындарда жүргені үшін есепке алынды.

Тексеру барысында үш көмелетке толмаған бала балаларды бейімдеу орталығына орналастырылды. Сондай-ақ, түнгі уақытта балалардың үйден тыс жерде жүруіне жол бергені үшін 41 ата-ана өкілшілік жауапкершілікке тартылды. Тағы екі ата-ана балаларын тәрбиелеу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін жауапқа тартылды.

Жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымдарында да түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Барлығы 55 профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып, лекциялар, кездесулер және брифингтер өткізілді. Бұл шаралар жасөспірімдердің құқықтық сауатын арттыруға және олардың қауіпсіздік талаптарын сақтауға бағытталды.

Көліктегі полиция департаментінің өкілшілік полиция басқармасының бөлім бастығы Аліхан Жұмажановтың айтуынша, мұндай шаралардың басты мақсаты – жазалау емес, алдын алу.

– Біздің негізгі міндетіміз – жазалау емес, құқықбұзушылықтың алдын алу. Жасөспірімнің өмірінде қиын жағдайдың туындауына жол бермей, оны дер кезінде байқап, қауіптен сақтандыру өте маңызды. Теміржол нысандарындағы қауіпсіздік көп жағдайда ата-аналардың жауапкершілігіне де байланысты, – деді ол.

Көліктегі полиция қызметкерлері көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ, ата-аналар мен заңды өкілдерге балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың қайда жүргенін бақылауға және қауіпсіздік талаптарын түсіндіруге ерекше назар аудару қажеттігі ескертілді.

Сонымен қатар, мұндай профилактикалық шаралар жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың құқықтық сауатын арттыруға да ықпал етеді. Мамандардың айтуынша, ерте кезеңнен бастап жүргізілген түсіндіру жұмыстары жасөспірімдердің заң талаптарын түсінуіне, қауіпсіздік ережелерін сақтауға және қоғамдағы жауапкершілігін сезінуіне мүмкіндік береді. Сондықтан, көліктегі полиция қызметкерлері алдағы уақытта да білім беру ұйымдарымен және ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп, профилактикалық жұмыстарды жалғастыра бермек.

Өз тілшімізден

• МЕРЕЙ

Адалдық пен әділеттің айбарындай

Өмірін адал еңбекпен айшықтап, заң мен әділеттің таразысын тең ұстап, көпке үлгі бола білген тұлғаның мерейлі белесі – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір саланың, тіпті, елдің мерейі. Өйткені, әділдік жолында аянбай тер төккен азаматтың ғұмыры – халық сенімінің өлшемі, мемлекет тірегінің бір бөлшегі. Осындай биік асуға абыроймен көтерілген, заң саласының ардагері, ел ағасы Моряк Смағұлды Шегеновтің жетпіс жасқа толуы – әріптестері мен шәкірттері үшін зор қуаныш, тағылымды тағдыр иесіне көрсетілер шынайы құрмет. Шынымен де, жалпақ жұртқа есімі мәлім, ел сенімін арқалаған азаматтың мерейтойлық жасқа жетуі, әсіресе, заң саласының ардагері үшін, айрықша мәні бар мәртебелі, елеулі кезең екені сөзсіз.



Міне, жылқы жылымыз басталғалы да алдыңғы буын үлкендеріміз мерейлі жасқа толып, ел-жұртының сый-құрметіне бөлену үстінде. «Өзіңді өзін сыйласаң, жат жаңынан түңілер» демекші, қоршаған орта, ел-жұрт қошеметі өз алдына, ал заң мен сот айналасы өз ардагерлерін биік тұғырға көтеріп, мәртебесін асыра білетіні сөзсіз. Міне, сондай абыройы жоғары ардагерлеріміздің бірі Моряк Смағұлды Шегенов ағамыз да өзінің асулы жетпіс жасының желкенін кезген екен. Әркім де, бейнелеп айтсақ, өз қайғы-на мінген жолаушымен мұңдас, тілектес болуы заңдылық шығар. Дегенмен, заң ардагеріне деген құрметіміз айрықша. Кез келген аға заңгерлеріміздің мәртебелі мерейтойлық жасына келіп жетуінде мән мен мағына бар. Еліміздегі заң саласының өсіп-өркендеу жолында тынымсыз еңбек пен талап, ізденіс іздері сайрап жатыр. Ең алдымен, азаматтың заң саласын тандап, осы құрметті мол, құрделі жолға түсуінің өзі үлкен ерлікке пара-пар қадам, нар тәуекелдің ісі екендігін әрқайсымыз сезіне аласақ керек. Ал, жалпы адами тұрғыдан алғанда, аузы дуалы көнекөз қарияларымыз айтып өткендей, ақсақалдық жастың жауапкершілігі қазақ ортасы үшін басым болып келгені анық. Ұрпақ алдындағы парызын көкейде тұрады. Оған әркім әрқилы келер. Дегенмен, «біздің халық сынағы мол сын-

қызықты баяндап бергені де есімізде. Моряк Смағұлдың назар аударарлық жарқын, жемісті жолдар сайрап жатыр. Бірақ, соған жету жолдары оңайға соқпаған. Біздің кейіпкеріміз бала жасынан өмірдің талқысына түсіп, талай сынақты басынан өткіріпті. Десе де, мойымаған, сынбаған, түпкілікті мұрат-мақсатына жету жолында табанынан тозып, еңбектеніп, қажымай-талмай ізденген. Түбі қайырлы болған. «Ізденген жетер мұратқа» демей ме?! Бір көзіміз жеткені – осы кеңестік дәуірде туып-өскен ұрпақтың кез келгеніміз өмірі жазылмаған бір дастан. Әсіресе, заңгерлікке жету жолдары кімкімге де оңай соқпағанын бірден аңғарасыз. Оның себебі түсінікті де. Жетпіс жылдық кеңестік дәуір елге адам айтқысыз ауыр тауқымет түсірді. Егер өз тақырыбымызбен, басты кейіпкеріміздің тағдырымен байланыстыра сөз ербітсек, Моряк Смағұлды дүниеге келген 1956 жылдардың өзінде алдыңғы қасіретті кезеңдердің зардабы әлі басыла қоймаған еді. Халық бірінен кейін бірі толқын-толқын соғып өткен аяқ революция, кәмпеске (конфискация) жұты, сұрапыл ашаршылық, репрессияға ұласқан қуғын-сүргін, іле-шала басталған қырғын соғыс зұлматынан әлі ес жиып үлгермеген, саясат ызғары басылмаған, ел

Моряк Смағұлдың да айшықты өмірбаян беттерінде назар аударарлық жарқын, жемісті жолдар сайрап жатыр. Бірақ, соған жету жолдары оңайға соқпаған. Біздің кейіпкеріміз бала жасынан өмірдің талқысына түсіп, талай сынақты басынан өткіріпті. Десе де, мойымаған, сынбаған, түпкілікті мұрат-мақсатына жету жолында табанынан тозып, еңбектеніп, қажымай-талмай ізденген. Түбі қайырлы болған. «Ізденген жетер мұратқа» демей ме?!

дарлы шақтың салмағын ерте сезінген-ау» деп пайымдаймыз. Осы орайда, бұрынғылардың айтып кеткен лебізі еске оралады. Сексенін толтырып отырған қарияға әзілі жарасқан иілерінің бірі: «Сексен жас қалай екен, тоқсаныңызға шаршамай жетегін шығарсыз?» – деп сұрақ қойса, әлгі қария: «Сексеніме көңілім толып отырған жоқ, тоқсанымыз қайдан білейін, бірақ, жетпісім тәуірлеу еді», – деген екен дейді. Әрине, әзіл орайында айтылса да, ойландыр астарлы сөз. Қария адам жасы ұлғайған сайын сын көбіетінін мензеп отырғандай. Дегенмен, бір нәрсе айқын ақиқат: Жаратқанның жомарттықпен сыйлаған кез келген жасы қымбат. Әр асқан асудың, бел-белестің өз орны бар екендігі күмән тудырмайды. Мәселе – сол жасқа қалай келіп жетуде шығар. Осы тұрғыдан алғанда, өзінің жетпіс жылдық асуына қиналмай көтеріліп, лайықты абыройлы биігінде қарсы ала білген ардагер ағамыздың бірі Моряк Смағұлды Шегенов деп айтуға толық қақымыз бар. Әрине, кім-кімнің де болсын абыройлы асуы, ешкімге ұқсамайтын өзіндік сонар соқпағы өмірбаян жолдарынан танылып, менмұңдалып тұрады. Ең алдымен, біз қалам тербеп отырған ардагер тұлғамыздың есімінің өзі алғаш естіген елді елең еткізеді. Абай атамыздың Пушкиннен аударған «Алтын балық туралы ертегі» поэмасы «Асау теңіз долданып, буырқанып...» деп басталуы еді ғой. «Моряк» дегенде, адам елең етіп, сондай суретті көз алдына елестетпей ме?! Сөйтсек, ағамыз – ондай теңіз-дарияда жүріп өспеген, боз жусан иіскеп, құм кешіп өскен қарапайым ауыл баласы. Ағамыз өмір есігін ашқанда, бір теңізі болған жамағайын туысы әскер қатарынан оралса керек. Ырымшыл қазақ: «Балам осындай теңізі болса, жаман болмас», – деп ырымдап, сабиін «Моряк» атаған. Осыдан тура он жыл бұрын, ағамыз алпысқа толғанда, құрдасы Әділ Құрықбаев ағамыз «Егемен Қазақстан» газетіне атауын менмұңдалатын, «Моряк» деген атауымен мақала жариялап, мұның тарихын

үрейден арылмаған кезең болатын. Оның үстіне, Никита Хрущевтің елдің басына әңгіртаяқ орнатқан заманы еді. Халық бұл кезеңде әлі бүтін киімге қолы жетпеген, аздап ішер асқа қолы жетсе, соны қанағат қылған уақыт болғандығын үлкендерімізден естіп, құлағымыз қанығып өстік. Міне, осындай қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан шаққа балалығы тап келген өрімдей жасөспірімге тағы қосымша соққы болып тиіп, әкесі тым ерте өмірден өтіпті. Содан бір мүшелін толтырмай жатып, зілбатпан жүк мойнына артылған. «Шешеме қолғабысымды тигізем», – деп, буыны қатпай жатып, шоп шапқан, мал баққан. Қысқасы, ауылда соғыстан қайтпай қалған азаматтар орнында еңбектеніп, совхоздың бейнетті жұмыстарына жегілген. Сөйтіп жүргенде ержетіп, алдынан бір әулеттің өзіне артық аманатты міндетін орындау парызы туындайды. Иә, ер-азамат қашанғы шаруа айналасында жүре бермек?! Болар азамат бір әулеттің жүгін арқалағанына қанағат тұтпасы белгілі. Анасы да батасын беріп: «Енді, шырағым, бізге көп алаңдама, өз болашақ сара жолыңды тап!» – дегенде, бірден заң саласын тандапты. Мұнда да алдынан жарқыраған даңғыл жол тосып тұрмаған. Өзі қалаған Е.Бөкетов атындағы оқу ордасының заң факультетін қалаған талапкерлер өте көп еді. Алғашқы екі талпынысы сәтсіз болғанда да беті қайтып, жүнжімеді, еңсесі түспеді. Ауылына келіп, слесарьлықпен айналыса жүріп, келесі оқу жылын сабырмен күтті. Ақыры үшінші жылы келгенде талабына нұр жауды. Қарап отырсаң, біраз азаматтардың осындай қиындықтар мен кедергілі сапылардан өткенін аңдайсың. Дегенмен оқу, шәкірттік ізденіс өмір жолының әлі алғашқы баспалдақтары екен. Алдында әлі талай арман асулары күтіп тұрғаны анық еді. Қалай болғанда да, адам баласын өрге сүйрейтін сенім. Заңгерліктің қатаң талапты жолына түскен жас мұның оңай

Бір көзіміз жеткені – осы кеңестік дәуірде туып-өскен ұрпақтың кез келгеніміз өмірі жазылмаған бір дастан. Әсіресе, заңгерлікке жету жолдары кімкімге де оңай соқпағанын бірден аңғарасыз. Оның себебі түсінікті де. Жетпіс жылдық кеңестік дәуір елге адам айтқысыз ауыр тауқымет түсірді.

болмайтынын да болжай алса керек. Дана Абайша өрелесек, «ақырын жүріп, анық басып», өз орнын айқындай беріпті. Бала кезімізде қариялар аузынан: «Айыр мен күрек ұстап шынықпаған баладан береке шықпайды», – дегенді көп естуші едік. Соның жаны бар лебіз екендігіне көз жеткізіп келеміз. Бұған Моряк Смағұлдың өмірбаян жолдарынан артық мысал табу қиын шығар. Еңбек кітапшасына түскен жұмыс өтілі – ауылдағы слесарьлықтан бастап, елінің Жоғарғы сотының судьясына дейінгі жолдан өткен азаматтық белестердің айғағы. Қарағандыдан 1983 жылы оқуын тәмамдап, дипломы қолына тиген соң, Жезқазған қаласына бір-ақ шығыпты. Жаңа ғана оқу бітірген жас үшін бұл үлкен сынақ еді. Бастапқы қадамдар көбінесе шағындау елдімекендерден, аудан орталықтарынан басталып жатады. Бастапқыда қалалық транспорт саласы бойынша прокурор көмекшісі, одан Жезқазған қалалық халық сотының судьясы болып қызмет атқарған. Осылайша Жезқазғанда тәжірибе жинап, ысыла келе, 1997 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударады. Мұнда әуелгі жылдарда Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметін атқарған. Көп ұзамай Қарағанды облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін атқарып, абырой биігінен көрінді. Ал, 2009 жылы Моряк Смағұлды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып тағайындалғанда, бұл сот қауымдастығы үшін солай болуға тиіс заңдылықтай қабылданды.

Аңдап байқасақ, сырт қарағанда қарыштап, сатылап тез көтеріліп кеткендей сезілгенімен, мұнда нағыз еңбек адамының тамшылаған ашы тері мен азабы, сарсылған ізденісі мен табанынан таусылған талап іздері жатыр. Заң адамы үшін «мен пәлендей жолдардан жүріп өтіп едім» деп кеуде қағу ұят. Қоңіл қойып, зерделеген әріптестер байыптары хақ. Соның нәтижесінде бұл еңбек жолы, еліміздің заң істеріне қосқан үлесі үкімет тарапынан елеусіз қалмаған, жоғары бағасын алған. Әр жылдары «Құрмет» орденімен, «Үш би» төсбелгісімен, көптеген медальдармен марапатталған. Оның үстіне, Моряк Смағұлдың заң мен сот істеріне кездесіскен келмегенін, өз сара жолын тапқанын жақсы білетін, мойындайтын ортасы бар. Кәсіби біліктілігімен қоса, кісілік келбетін, үлкенді өнегесін, ағалық ақыл-кеңесін қанықдап, бағалай алатын қауым бар. Айналып келгенде, шынайы қадір-қа-

жерде көкейімді түрткілеп, шығармасыма қоймаған, Моряк Смағұлдың жолымыз түйіскендегі бір қызмет бабындағы қатты шиеленіске ұласқан, пікір-көзқарастарымыз кереғар келген, бірақ, ақыр түбі қайырлы болған оқиғаны еске түсіргім келеді. Әрине, әлдеқашан бастан өткен жағдай, бөтен ой жоқ – тек сабақ үшін. Моряк Смағұлдың жолымызды тоғыстырған сонау 2000-жылдардың басында ағамыз Қарағанды облыстық сотының судьясы еді. Ал, мен Теміртау қалалық сотының төрағасымын. Бұл кісінің де қайратты, арыстандай азулы шағы. Мен де өзімше осал емеспін – солтүстік өңірде он жылға жуық сот саласында тәжірибе жинаған, жалындаған жастау кезім. Бірақ ашығын айтып, әділетке жүгінсем, сол тұстарда мен басқарған Теміртау қалалық соты көбірек сынға ілініп, ерінбеген соқтықпай өтпейтін, мысалға келтіруге қолайлы нысанға айналған кез еді.

Облыстық деңгейдегі есепті жиында Теміртау қалалық соты ашылау түйреліп, сын тезіне іліге бастағанда, қатты шырықтым. Мүмкін, өзіме дейінгі құлдырап тұрған жағдайды өз адресіме қабылдамай, сырт айналып өте шығуыма болар ма еді. Дегенмен, артымда сенім артқан ұжым тұрған соң, шегінерге жер қалмады. «Не бел кетеді, не белбеу кетеді» дейтін басыма сынақ түсті. Сөздің қысқасы, облыстық сот тарапынан жіберілген кемшіліктерді жайып салып: «Тек Теміртау қалалық сотының ғана емес, жалпы облыс көлеміндегі бірінші саты соттарының кемшіліктерінің негізгі себебі апелляциялық алқаның біркелкі сот тәжірибесін ұстамағандығынан» деп пікір білдіріп, бірнеше мысал келтірдім.

Әрине, бұл пікір облыс басшыларына ұнамады. Сондықтан, баяндамадағы дәйектерге тұжырым жасау Моряк Смағұлдына тапсырылды. Осы бір сын сағаттағы жағдайдың әділ бағасын бергенін қалай ұмытпаймыз?! Кейін ойласам, менікі жүрек жұтқан көзқұмбайлық әрекет болғандай. Дегенмен, алдымыздағы аға буынның парасат-пайымына, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін таным көкжиегінің кеңдігіне сенгендігім болса керек. Мұны еске алып отырғаным – өзімді дәріптеу емес, аға заңгерлеріміздің кейінгі буынға кеңшілігін, олардың мүмкіндіктерінің ашылуына жағдай жасаған ықпалын жеткізім келгені. Әрине, Моряк Смағұлды соны жақсы түсініп, қабылдай білді. Өзінің жоғары қызмет жағдайын пайдаланып, маған қысым көрсетуді ойламады. Мен үшін осы маңызды болды. Керісінше, осыдан кейін өзара түсініскен, ынтымағы жарасқан әріптестерге айналдық. Қазақ «ер шексіпей, бекіспейді» дейді ғой. Бәлкім, бұл нақыл жаугершілік дәуірден қалған болар. Десе де, бүгінгі заң мен сот саласына да жат емес. Қарама-қайшылықты пікір-көзқарастардың болуы – заңдылық. Бірақ, ең маңыздысы – заң мен сот мемлекеттілігіміздің басты қазығы, елдігіміздің дәнекері екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Әз басым, Моряк Смағұлды сияқты аға буын әріптестеріміз осындай адал ұстаныммен өмір сүретініне зәредей күмәнім жоқ. Біздің бастарымыз, әсіресе болашақ заңгерлеріміз, осындай ұлағатты бойына дарытып, алдыңғы буыннан өнеге алып өссе – ешкімнен кем қалмаспыз анық. Сөзімді түйіндеп келе, Моряк Смағұлдына тілерім – мықты денсаулық, отбасылық бақыт. Жетпіс жас – сіз үшін тоқырау емес, нағыз дер шағыңыз. Енді

2009 жылы Моряк Смағұлды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып тағайындалғанда, бұл сот қауымдастығы үшін солай болуға тиіс заңдылықтай қабылданды. Аңдап байқасақ, сырт қарағанда қарыштап, сатылап тез көтеріліп кеткендей сезілгенімен, мұнда нағыз еңбек адамының тамшылаған ашы тері мен азабы, сарсылған ізденісі мен табанынан таусылған талап іздері жатыр.

сиетінді ажыратып, әділ бағасын берушілер де осы заң қауымдастығының айналасы екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Заң адамы қашанда елінің көз алдында. Сондықтан да болуы керек, оған айтылатын сын көп, мін артушылық та аз болмайды. Кейде орынды, кейде орынсыз, кейде қым-қиғаш қарама-қайшылықты. Мықты болсаң – шыдап бақ. Өзің таңдап түскен жол. Қаншама қиындығы мен азабын біле тұра тәуекелге бел байлаған жоқ па едің?! Осындай ой тығырығына тірелген сәттер кімде болсын аз болмас. Дәл осы

өзіңіз үшін өмір сүріңіз. Осы мерейлі жаста да парызыңыз аз емес – өсіп келе жатқан болашақ заңгерлерге ақылшы, тәлімгер болыңыз. Жан жарыңыз Роза Қошанова жемізінен бірге, ұл-қыздарыңыз Ерлан мен Ләйланьы, олардан өрбіген ұрпақтың махаббатына, қызық-қуанышына бөленіңіздер. Жаратқан Иеміз сіздерге ұзақ ғұмыр сыйласын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Судьялар одағының төрағасы

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Томарлық түлектердің тартуы

Қарқаралы ауданына қарасты Томар ауылының бұрынғы мектеп бітірушілері биылғы, яғни, 2026 жылғы түлектері арасында өтетін оқырмандар сайысының қатысушылары үшін «Қасым» баспасынан шыққан әдеби кітаптар беріп жіберді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы көркем әдебиетке қатысты пікірінде: «Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан, кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп атап өткен еді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Томар ауылының 1973 жылғы азаматтары мен мектеп түлектері былтыр өздері оқыған білім ұжымына 2030 жылға дейін кітап сыйлап тұру және кітап сүйетін оқушыларға арнайы жұлде тігіп, оларды қолдап отыру жөнінде шешім қабылдаған болатын. Екінші мыңжылдықта адам баласы атом бомбасын жасап шығарды, ғарышқа жол ашты, компьютер мен интернетті ойлап тапты. Дегенмен, әлем ғаламдары екінші мыңжылдықта адамзаттың қол жеткізген ең ұлы игілігі «Кітап» деген тұжырым жасаған екен. Осы құндылыққа қоғам қатты мән беріп, мемлекет тарапынан қамқорлық жасалып жатқаны – құптарлық жайт. Себебі, осы құндылықтың өзегінде халықтың рухани мазмұны, арман-тілегі, мақсат-мүддесі, салт-дәстүрі, мәдениеті мен тарихы бар. Адамзатқа ортақ ақыл-ой жинақталған, оның ішінде, ұлттық әдебиетіміздің жауһарлары қатталған ұлы қазынаға қамқорлық жасау, оны жоғары талғамен пайдалану, жас ұрпаққа қолжетімді ету және заманауи озық тәсілдермен ұсына білу аса маңызды. Томар ауылының 1973 жылы дүниеге келген азаматтары – тамаша іске сәтті қадам жасады. Игі бастаманы өзге ауылдардың өкілдері де қолдаса екен деген үміт пен тілек бар.

• ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Ұрпақ тәрбиесінің ұйытқысы

Нұра өңірінде ұрпақ тәрбиесіне бағытталған тағылымды бастама жүйелі жалғасуда: аудан орталығындағы ардақты әжелер балабақшаларда болып, кішкентай балдырғандармен кездесулер өткізіп, оларға халық ертегілерін әңгімелеп, өнегелі іс-әрекеттерімен бөлісуде.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында әжелер балаларға қазақтың бай ауыз әдебиеті мұрасынан ертегілер айтып, ұлт салт-дәстүрлерінің мән-маңызын түсіндіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету секілді асыл қасиеттерді дәріптеді. Балдырғандар ертегілерді қызыға тындап, сұрақтар қойып, ұлттық құндылықтарға алғашқы танымын қалыптастыруда. Мұндай игі шаралардың өскелең буын үшін маңызы зор. Себебі, халық тәрбиесі – ұлт болашағының негізі. Алдыңғы буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңесі жас ұрпақтың рухани дамуына оң әсерін тигізеді. Әсіресе, әжелердің мейірімі мен жылы сөзі сәбилер жүрегіне ізгілік дәнін сеуіп, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, тамаша бастама ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, аға және жас буындар арасындағы байланысты күшейтеді. Балабақша қабырғасында өткен әсерлі кездесулер балалардың ана тіліне сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық мәдениетке қызығушылығын оятады. Ақ жаулықты әжелердің қатысуымен Нұра өңірінде ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Ұрпақ тәрбиесіне салғырт қарамай, өнегелі ісімен үлгі болып жүрген асыл әжелерге ауданның басшылығы да дән риза.

• ТАҒЫМ

Ардақты әке, қамқор ата

«Еңкейгенге еңкей – ол әкеңнің құлы емес. Шалқайғанға шалқай – ол Пайғамбардың ұлы емес!» дейді халық даналығы. Бұл сөздер асқар тау әкеміз, әулетіміздің тірегі болған Аманжан Махметұлының бүкіл өмірлік ұстанымының айнасы іспетті болды. Өйткені, оның бойында осы даналыққа сай келетін үлкенге – құрмет, кішіге – ізет, досқа – адалдық, адамға – сыйластық сынды барлық асыл қасиет бар еді.



Әкеміз Аманжан Махметұлы 1940 жылы 11 желтоқсанда Алматы облысының Маловодное ауылында дүниеге келген. Балалық шағы қасіретті соғыс жылдарымен тұспа-тұс келеді. Әкесі, яғни, атамыз Махмет ұлы дүниеге келерден бұрын майданға шақырылып, хабар-ошарсыз кеткен. Әкесінің хабарсыз кеткеніне көңілі сенбей, оны өмір бойы іздегісіз өтті. Тіпті, 1975 жылы КСРО Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатына ресми сұраныстар жолдаса да, әкесінің тағдыры белгісіз күйінде қалды.

Одан кейін аяулы анасы Супуш ерте дүние салып, әкеміздің балалық шағы тауқыметке толы болды. Дегенмен, кең жүректі, жігерлі Рақыш әжесінің қамқорлығында өсіп, тәрбиеленді. Сұрапыл соғыста екі бірдей ұлынан айырылған Рақыш әжесі немересі Аманжанның бойына ана махаббатымен қатар жауапкершілік, төзімділік, киеліге құрмет секілді қасиеттерді сіңіре білді.

Аманжан әкемізге анасы Супуштан өнерсүйгіштік, әншілік қасиет дарыған. Мектеп қабырғасында жүріп, мұғалімнің скрипкада сүйемелдеуімен «Орлеңок» әнін орындап, аудандық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты атаныпты.

1955-1958 жылдары Қаскелеңдегі балалар үйінде білім алып, кейін оқуын Талғар ауыл шаруашылық техникумында жалғастырады. Одан соң Львов по-

лиграфия техникумын жоғары баспа технигі мамандығы бойынша тәмамдайды.

1961 жылы туған жеріне оралғаннан кейін Қоқан қаласындағы әуе шабуылына қарсы жеке батальонда әскери борышын өтейді. «АН-2», «ЛП-2» және «АН-12» ұшақтарынан 23 рет парашютпен секіргенін ерекше мақтанышпен еске алып отыратын.

Әскерден кейін аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде әуелі мақала теруші, кейін фототіпші болып еңбек еткен. Мәдени шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыра білетін қабілетінің арқасында 1965 жылы

аудандық мәдениет үйінің директоры болып тағайындалды. Ынта-жігерінің арқасында концерттер ұйымдастырып, ауданның мәдени өмірін жандандыра түсті.

Сол жылдың желтоқсан айында өмірлік адал серігі деп таңдаған Тілеутай анымызбен шаңырақ көтеріп, 60 жыл тату-тәтті ғұмыр кешті. Екеуінің отбасылық өмірі өзара сыйластыққа, ұстамдылық пен жауапкершілікке негізделіп, үлкен әулетке айналды. Біржан, Гани, Сая есімді үш перзентін елге сыйлы, саналы азамат етіп тәрбиеленді.

Аманжан Махметұлы – 9 немере, 4 шөбере сүйіп, ұрпағының қызығын көрген, сүйікті жар, асқар тау әке, ақылшы ата бола білген бақытты жан.

1966 жылдан бастап, Аманжан Махметұлының өмірі қоғамдық жұмыстармен тығыз байланысты болды. Атқарған адал қызметтері бағаланып, сол кезеңнің бірнеше жоғары марапаттарына ие болады.

1973 жылдан бастап, Жезқазған қаласындағы облыстық партия комитеті аппаратында ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарып, облыс аудандарына жетекшілік етті.

Ал, 1976 жылы 20 қаңтарда облыстық партия комитеті бюросының шешімімен МҚК (КГБ) органдарына қызметке жіберіліп, Мәскеу мен Киев қалаларында қайта даярлау курстарынан өтеді. Кейін Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Жезқазған облыстық басқармасында еңбек еткен. Қызмет жолы мазмұнды, жауапты әрі құрметке лайық болғанын атап айту керек.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстан шет қалмай, облыстық халық депутаттары кеңесінде, кейін қалалық Төтенше жағдайлар басқармасында жедел кезекші болып қызмет атқарды.

Әкеміздің өмірінде отбасының орны ерекше еді. Ол естеліктерінде балалары мен немерелерін, ұрпағының жағастығын әрдайым мақтанышпен жаза-

тын. Ата-баба дәстүрін қастерлеген азамат ретінде ұрпағына да өз өнегесін көрсете білді. Жеті атасын тоғызыншы ұрпаққа дейін біліп, оны балалары мен немерелеріне үйретті. Өткенге құрметпен қарап, ата-баба аруағына бағышталған еске алу астарына қатысып қана қоймай, олардың ұйымдастырылуына ұйытқы болды.

Аманжан Махметұлы әулеттің ақсакалы, аға буынның тірегі, ел ағасы болды. Әрдайым жастарға, студенттерге қолдау көрсетіп, олардың мәселесіне бейжай қарамайтын. Көпшілік одан ақыл-кеңес сұрап, өмірлік бағыт-бағдар алу үшін келетін.

Өте терең білімді, зиялы жан еді. Сөз саптауы көркем, ойы анық, эзіл-қалжыны орынды болатын. Өмірге әрдайым оптимистік көзқараспен қарап, айналдасына адамгершілік үлгісін көрсете білді. Жақындарының ортасында гитараман ән айтып, ерекше бір шуақ пен береке сыйлайтын.

Саналы өмірі өнегеге толы әкеміз – Аманжан Махметұлы Бакизов 2026 жылдың 25 қаңтарында фәниден бақиға аттанды. Бірімізге – асыл жар, бірімізге – қамқор әке, бірімізге – ардақты ата, бірімізге – қазыналы қария, бірімізге – сырлас замандас болған аяулы жан бүгін ортамызда жоқ. Жоқ екенін санамыз түйсінсе де, көңіліміз сенбейді.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Өзі өмірден өтсе де, өнегесі өшпейді деп білеміз. Оның жарқын бейнесі, адамгершілігі мен парасаты – жазған күнделіктерінде, туған-туыстары мен замандастарының жүрегінде, жасаған игі істерінде, тәлімді ұрпағының санасында мәңгі жаңғырып тұра бермек.

Біз үшін әкеміз ешқашан аласармас Тау тұлға болып қала береді.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа болғай!

БАКИЗОВТЕР әулеті

• МӘСЕЛЕ

Сан бар, сапа ше?

Соңғы жылдары Қарағандыда тұрғын үй құрылысының қарқыны қамшы салдырар емес. Статистика жаңа пәтерлер артқанын көрсетеді. Бірақ, мәселе санда емес, сапада. Салынған үйлердің қауіпсіздігі және ұзақ мерзімге төзімділігі қандай деңгейде? «Құрылыс нормалары толық сақтала ма, әлде жылдамдық сананы ығыстырды ма?» деген сұрақтар күн тәртібінен түспей келеді.



Осыған орай, 2026 жылғы 9 қаңтарда Президент Қазақстан Республикасының жаңа Құрылыс кодексіне қол қойды. Кодекс, бұйырғанда, шілдеде күшіне енеді. Уақыттың өзі талап еткен бұл кодекс сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласын жүйелі реттеуге бағытталған. Құжат барлық кезеңді – жобалаудан бастап пайдалануға беруге дейін – бір нормативтік базаға біріктіреді. Кодекстің басты жаңалығы – цифрландыру және «бір терезе» қағидаты. Яғни, барлық құрылыс процестері бір электрондық портал арқылы бақыланады.

Ашық ресурстардағы деректер, бұның тұрғындар мен мемлекеттік органдарға құрылыс сапасын, қауіпсіздігін және заңдылығын бақылауға мүмкіндік беретінін айтады. Олар «Жаңа кодекстің жүзеге асуы сапа мен қауіпсіздік стандарттарын күшейтіп, салынып жатқан үйлердің сейсмикалық төзімділіктерін, материалдың сапасын қатаң тексереді. Жауапкершілік механизмі де күшейген, яғни, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда нысанды тоқтатып немесе айыппұл салу шаралары қолданылады. Бұл құрылысқа деген немқұрайлылықты жойып, халық арасында үлкен сенім туғызды» деген пікірде. Себебі, осы күні халықтың көз алдына құрылыс десе, алдымен ұқыптылық пен сапа емес, салғырттық келеді. Мұндай түсінік кездейсоқ қалыптасқан жоқ. Жылдамдықты сападан жоғары қоюдың нәтижесі осыған әкеп соқтырды.

Бұл туралы облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Айдын Смағұлов:

– Тұрғындарды жосықсыз құрылыс салушылардан сақтандыру үшін біз белсенді ақпараттық жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Басқарманың ресми сайтында «Өз ТК тексеріңіз» бөлімі әзірленді, оған рұқсат құжаттарының толық пакеті жоқ тұрғын үй кешендері туралы ақпарат орналастырылған, сондай-ақ, сенім телефоны жұмыс істейді, бұл арқылы тұрғындар салынып жатқан тұрғын үй кешендері туралы ақпарат алу үшін жүгіне алады, – деді БАҚ-та жариялаған есебінде.

Құрылыс компаниялары нысанды уақытында тапсыруға экономикалық тұрғыдан мүдделі екені сөзсіз. Десе де, кей жағдайда материал таңдауда, ішкі жүйелерді орнатуға үнемдеуге жол берілетінін тұрғындар үй алғанда бір-ақ сезініп жатады. Мұның салдары уақыт өте келе анықталып, қосымша шығынға ұрындырып, қауіп төндіруі мүмкін. Осылайша, жауапкершіліктің бәріне бірдей бірқелкі қолданылмауы ел ішінде сенімсіздіктің белең алуына әсер етіп отырғаны да жиі айтылады.

Тұрғын үйлер құрылысымен бірге сол үйлерге қызмет ететін мектеп, балабақша, емхана, жол, қоғамдық көлік бағыттары көбіне кейінге қалады, не мүлде жеткіліксіздігі сынды қосалқы проблеманың да туындайтынын ешкім жоққа шығара алмайды. Соның салдарынан жаңа шағын аудандар толыққанды өмір сүруге дайын болмай шығады. Яғни, инфрақұрылым құрылыс қарқынына ілесіп алмайды. Сондайда тұрғындардың жылдап сарсаңға түсетіні рас.

Баспана құрылысында жасыл аймақтардың азаюы да бұқараны алаңдатады. Кейбір нысандар тығыз, бір-біріне жақын салынғандықтан тұрғындарға арнайы демалыс орны, аула, саябақтар, балаларға арналған ойын алаңы жетіспейді, көліктен аулада аяқ алып жүру мүмкін болмай қалады. Бұл – тек эстетикалық емес, экология-

лық және әлеуметтік мәселе. Әрі жергілікті билік тарапынан да назардан тыс қалып отырған жоқ.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Қарағанды құрылысының жылдық жоспарлары талқыланған кенесте 10 жылдай бос тұрған Көгілдір тоғандар мен Оңтүстік шығыс аймағы үлкен бір көшеге айналып жатқанын жеткізді. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады. Қазіргі таңда ол аймаққа 26 үй салынды. Бұл туралы әкім:

– Жаңа ықшамауданда 4 мектеп, 8 балабақша, 3 аурухана, заманауи сауда орталықтары салынады. Жаңа кодекс күшіне енгенін білеміз, енді біз соған сай жұмыс істеуіміз керек. Қарағандының дамуы кешенді сипат алып, біз тек үй салып қана қоймай, өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыруымыз қажет, – деп пікір білдірген.

Демек, бұл күні құрылыстағы «өттеген-айлар» алдағы уақытта қайталанбайды деген үміт оты тұтанады. Оған шілдеде күшіне енетін Құрылыс кодексі мен жергілікті билік кепіл болмақ.

Осы арада қарапайым ғана формуланы есте сақтау қажет секілді. Әрбір кірпіштің қаланып, ғимаратқа айналуы – тарих. Болашақ ұрпақ осы құрылысқа қарап, сол уақыттың мәдениетімен, тыныс-тіршілігімен таныса алады. Осыны ескеру маңызды. Олай болса, қабырғасы берік, инфрақұрылымы толық, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру – тек құрылыс компанияларының ғана емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі.

Дана НҰРЖАНОВА
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Еңбек пен білімнің жеңісі

Қарағанды облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары республикалық және өңіраралық кәсіби шеберлік байқауларында табысты өнер көрсетіп, аймақ абыройын асқақтатты. Екі бірдей байқауда жерлестеріміз жүлделі орындарға ие болып, жұмысшы мамандықтарының беделін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтсақ, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі өндірістік оқыту шебері Мұхаметәли Исайын «Кіріпін қалау» бағыты бойынша өткен «Үздік қалаушы» өңіраралық байқауында жеңімпаз атанды.

Байқау Көкшетау қаласында ұйымдастырылып, алаң ретінде қалалық құрылыс-технологиялық колледжі таңдалды. Сайысқа Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстарының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері мен Астана қаласындағы құрылыс кәсіпорындарының мамандары қатысты.

Қатысушылардан берілген сызбаға сәйкес тапсырманы қатаң бағалау талаптарын сақтай отырып орындау талап етілді. Жіктердің сапасы, өлшем дәлдігі, қалау геометриясы мен түзлігі есепке алынды. Жұмыстар WorldSkills стандарттары бойынша бағаланды.

– Байқаудың негізгі мақсаты – мамандардың біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу және WorldSkills стандарттарын оқу үдерісіне енгізу. Конкурстық тапсырмалар осы стандарттардағы өлшемдерге сәйкес бағаланды, – дейді Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, байқауға сарапшы ретінде қатысқан Рымбек Алтайбаев.

Сарапшылар өндірістік оқыту шебері Мұхаметәли Исайынның жоғары кәсібилігін, жұмысты дәл әрі сапалы

орындауын және халықаралық стандарттарға сәйкестігін ерекше атап өтті.

– Тапсырма мен үшін аса қиын болған жоқ. Жарыс екі күнге созылып, жалпы 10 сағатқа жалғасты. 2024 жылы мен «Плитка қалау» пәні бойынша өткен WorldSkills республикалық байқауында екінші орын алған едім. Бұл – мен үшін үлкен жетістік, себебі байқауға өз ісінің мықты шеберлері қатысады, – дейді жеңімпаз.

Тағы бір республикалық кәсіби шеберлік байқауы Рудный тау-кен технологиялық колледжі 60 жылдығына орай BabySkills және JuniorSkills форматında өтті.

Қарағанды теміржол колледжінің студенті Керімқұл Шығыс «Теміржол локомотиві» бағыты бойынша II орынды иеленіп, облыс қоржынына тағы бір жүлде салды. Қазылар алқасы жас маманның практикалық дағдылары мен тапсырмаларды орындау сапасын жоғары бағалады.

– Байқаудағы жеңіс – педагогтер, тәлімгерлер және қатысушының өзара үйлесімді еңбегінің, оның мақсаткерлігі мен жоғары кәсібилігінің нәтижесі. Мұндай жыртыстар жұмысшы мамандықтарын дамытуға, техникалық білімнің беделін арттыруға және жастардың кәсіби қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті колледж өкілдері.

Қарағандылық ұстаздар мен студенттердің жетістігі аймақтың техникалық білім беру жүйесінің сапасын, өндіріс пен білім арасындағы байланыстың нығайғанын көрсетеді. Кәсіби шеберлік алаңындағы бұл табыстар – еңбек адамының мәртебесін арттыратын нақты нәтижелер.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Бақылау күшейтіліп, бюрократия азайды

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Нұркен Блялов өткен жылғы жұмыс қорытындысын жариялады. Кездесу барысында әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мүгедектікті белгілеу, мемлекеттік бақылау тетіктері мен цифрландыру бағытындағы өзгерістер кеңінен сөз болды.



Коллаж жасаған Айбек Рамажанов

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Департамент басшысының айтуынша, халықты әлеуметтік қорғау – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі. Негізгі мақсат – азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, зейнетақы мен жәрдемақыларды уақытлы тағайындау және әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігін арттыру.

Нұркен Аманбайұлының мәлімдеуінше, әлеуметтік салаға Президент денгейінде ерекше көңіл бөлініп келеді. Былтыр «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланып, еңбек адамының мәртебесін көтеруге, еңбек нарығын жаңғыртуға бағытталған нақты шаралар қабылданды. Бұл жұмыс биыл да жалғасып, цифрлық шешімдерді енгізу, қызмет көрсету процестерін автоматтандыру және мемлекеттік қызметтердің ашықтығын арттыру басым бағыт болмақ.

Спикердің дерегіне сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ел бойынша 2 млн 9 мың тұрақты жұмыс орнын қалыптастыру қамтамасыз етілген. 2026 жылы өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында 547 мыңнан астам азаматты еңбекпен қамту жоспарланып отыр. Министріктің негізгі міндеттерінің бірі – жұмыспен қамту мен еңбек нарығын тұрақтандыру.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдарды кешенді әлеуметтік қорғау мәселесі күн тәртібін түскен жоқ. Нұркен Бляловтың айтуынша, оларды жұмыспен қамту тәсілдерін қайта қарау, техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету және инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру – өзекті міндеттердің бірі.

Департамент аумақтық орган ретінде мемлекеттік саясаттың өңірде нақты іске асырылуын қамтамасыз етеді. Жұмыс үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау,

медициналық-әлеуметтік сараптама және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.

Медициналық-әлеуметтік сараптама бағыты бойынша департамент мүгедектік тобын белгілеу және ұзарту қызметін көрсетеді. Қазіргі таңда Қарағанды облысында 55 963 мүгедектігі бар адам тұрады, бұл өңір халқының 4,9 пайызын құрайды. 2024 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 0,6 пайызға төмендеген. Әсіресе екінші топтағы мүгедектер саны 401 адамға, үшінші топ 186 адамға азайған.

Мүгедектікті проактивті (өтінішсіз көрсетілетін форматта), сырттай куәландыру тәжірибесі енгізілген. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірде мұндай формат 40,9 пайызды немесе 6 364 адамды қамтыған. Спикердің айтуынша, бұл тәсіл азамат пен қызмет көрсетуші арасында тікелей байланысты азайтып, сыбайлас жемқорлықты төмендетуге сеп болып, сараптама шешімдерінің



ашықтығын арттырады. Әрі қызмет көрсету мерзімін қысқартады.

Зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау бағыты бойынша департамент 15 мемлекеттік және әлеуметтік төлем түрін жүзеге асырады. Оның 11-і проактивті форматта көрсетіледі. 2025 жылы барлығы 138 839 электрондық іс мәкеті тағайындалған. Соның ішінде 70 493-і – жаңа тағайындау. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 9,97 пайызға төмен. Департамент басшысы мұны автотанбалау функциясының енгізілуімен түсіндірді.

Цифрландыру аясында мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жерлеуге арналған біржолғы төлем, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақылар автоматты түрде тағайындалады. Бұл рәсімдер мерзімді қысқартып, әкімшілік кедергілерді жояды.

Сонымен бірге 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар 10 пайызға өсті. Басқа да жәрдемақы түрлері күнкоріс минимумының ұлғаюына байланысты қайта есептелген.

Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау бағыты бойынша 2025 жылы 75 тексеру жүргізіліп, 172 құқықбұзушылық анықталған. 35 нұсқама беріліп, 128 заңбұзушылық жойылған. 5,5 млн теңге сомасында 21 әкімшілік айыппұл салынған, қаражат толықтай қалпына келтірілген.

Брифинг қорытындысында Нұркен Блялов мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі әрі түсінікті болуына басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, негізгі міндет – қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, процестерді толық цифрландыру және азаматтарға ыңғайлы формат қалыптастыру. Алдағы кезеңде бұл бағыттар цифрлық технологиялармен ұштаса отырып, жалғасын таппақ.

• ТОСЫН ЖАЙТ

Қорға қос бесік ҚОСЫЛДЫ

Біз үшін қасиетті бесікті қоясық тастау – қазақы танымға жат. Алайда, жуырда балқаштықтар қоқыс жәшігінің жанынан қос бесікті тауып алды. Бір қуаныштысы, қос бесік енді Балқаш қалалық тарихи-өлкетану музейі төрінен орын алды. Осылайша, қос жәдігер тарихи құндылық ретінде қайта жаңғырды.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Музей ұжымы бастапқыда таңданысын жасыра алмағанымен, қос бесікті қор қатарына қабылдауға шешім қабылдаған. Музейдің ғылыми қызметкері Арай Ахметованың айтуынша, бесікті ымырт кезінде тауып алған.

–Түнде қоқыс төгуге шығып, екі бесікті көріп қалдым. Қазақ үшін бесік – киелі дүние. Оны сыртқа тастауға дәті барған жаннның жайын түсіне алмадым. Мүмкін, бір жаман ырымнан қорықты ма екен, әлде отбасы қайғысы себеп болды ма, белгісіз, – дейді ол.

Бір қызығы, табылған қос бесіктің жасалу үлгісі, өрнегі мен ағаш өңдеу тәсілі бірдей. Шебер қолдың табы айқын байқалады. Мамандардың пайымынша, екі бесік те бір ұстаным қолынан шыққан болуы әбден

мүмкін. Ағашының тандалуы, иіндерінің иірімі, бөлшектерінің киноласуы – барлығы өзара үйлесіп, ортақ қолтаңбаны аңғартады.

Айта кетейік, бұл жайт әлеуметтік желіде жарияланған соң көпшілік арасында қызу пікірталас туған. Перзент сүйе алмай жүрген жандар бесікті ырымдап сұраған. Бұл бесіктің қазақ ұғымындағы орнының әлі де биік екенін көрсетеді. Қоқыс жәшігінің жанынан табылған қос бесіктің музейге жол тартуы – қоғамға ой салған оқиға. Бастысы, киелі бесіктің қадірі кемімей, керісінше, тарихпен бірге жаңғыра түскені көңілге медеу болды.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ) объявляет о проведении очередного общего собрания участников, которое будет проведено в 10.00 ч. 27.03.2026 года очным путем в г.Караганда, ул. Шахтеров, 35/1, Банкетный зал «Dastur Hall».

Повестка дня:

1. Утверждение отчета ревизионной комиссии КТ за 2025г.
2. Утверждение финансовой отчетности КТ за 2025г.
3. Утверждение отчета об исполнении сметы доходов и расходов КТ за 2025 г.
4. Рассмотрение отчета Председателя Правления ТОО «КТ «Бейбарыс» о проделанной работе за 2025г.
5. Распределение чистого дохода КТ за 2025г.
6. Увеличение резервного капитала КТ
7. Утверждение решений Правления КТ за 2025г.
8. Об изменении состава Правления Кредитного товарищества и определении срока его полномочий
9. Избрание ревизора КТ
10. Утверждение Плана работы ТОО КТ «Бейбарыс» на 2026 г.
11. Утверждение сметы доходов и расходов КТ на 2026г.
12. Внесение изменений в Устав
13. Наделение полномочиями Председателя Правления КТ на подписание приложений к Уставу
14. Утверждение ВНД, необходимых для дальнейшей работы КТ.

№39

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны 21-32-06 жұмыс істейді.

д

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalqyq.kz/>

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Білім мен бәсеке

Қарағанды қаласындағы С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінде «Зияткерлік модернизация» жобасы аясында ағылшын тілінен қалалық дебат өтті. Қалалық білім бөлімінің және әдістемелік кабинетінің қолдауымен ұйымдастырылған пікірсайыс жоғары сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталды. Биыл үшінші жыл қатарынан өткізіліп отырған дебатқа қала мектептерінен 16 команда қатысты.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пікірсайыстың басты ерекшелігі – оның толықтай ағылшын тілінде өтуі. Қатысушылар өз көзқарастарын дәлелдеп, қарсы тараптың пікірлеріне жауап беріп, сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін көрсетті. Дебат барысында жасанды интеллектің әсері, дипломсыз табысқа жету мүмкіндігі және қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелер секілді өзекті тақырыптар талқыланды.

Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Төлеубике Байжігітovanың айтуынша, дебат – «Зияткерлік модернизация» жобасының негізгі бағыттарының бірі.

– Жалпы, бұл дебат жоғары сынып оқушылары арасында. Негізгі ерекшелігі – ағылшын тілінде ұйымдастырылуы. Оқушылар пікірсайыс алаңында өз ойларын мен көзқарастарын ағылшын тілінде жеткізіп, дүниетанымдарын кеңейтеді. Жоба құндылыққа негізделген білім мен тәрбиені ұштастыруды көздейді. Осы орайда мемлекеттік тілді брендке айналдыру маңызды болса, шетел тілдерін меңгеру арқылы оқушылардың дүниетанымын



кеңейтуге мүмкіндік жасалады. Биылғы турнирге 16 команда қатысып отыр, – деді ол.

Мектеп директоры Қаламқас Кулбулатова дебат турнирінің оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін атап өтті.

– Қалалық білім бөлімінің және қалалық әдістемелік кабинетінің қолдауымен «Зияткерлік модернизация» жобасы аясында қазақ тілді мектептердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында өткізіліп жатыр. Бұл шара үшінші оқу жылы қатарынан мектебімізде ұйымдастырылып келеді. Дебаттың мақсаты – оқушылардың тілдік төрт дағдысын дамыту ғана емес, ағылшын тілінде өз пікірін дәлелдеп, еркін қорғай білуіне мүмкіндік жасау. Оқушылар айтылым, жазылым, пікірлесу және қарсы пікір айту арқылы өз ой ұшықығын көрсетеді. Байқау барысында үздік

спикер, үздік дебатшы, үздік жетекші және үздік ағылшын тілі мұғалімі сияқты номинациялар бойынша марапаттар табысталады, – деді мектеп басшысы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, дебат турниріне қатысуға ниет білдірген оқушылар саны көп. Іріктеу нәтижесінде ең дайын командалар таңдалып, пікірсайысқа қатыстырылған.

11-сынып оқушысы Айна Еркебек дебаттың оқушылар үшін тәжірибелік маңызы зор екенін жеткізді.

– Бұл дебат ағылшын тілінде өтіп жатыр, сондықтан ең басты мақсат – оқушылардың ағылшын тіліне деген бейімін дамыту. Тілді тек теория жүзінде біліп қана қоймай, күнделікті өмірде қолдана алатындай деңгейге жеткізу маңызды. Біз жасанды интеллект сияқты өзекті тақырыптарды талқыладық, – деді ол.

Аталған дебат турнирін ұйымдастыруға мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімдері Индира Фазылова, Аягөз Бухаршина, Құндыз Жакыбай, Мадина Жанғабылова, Аида Сексеналина және Айзада Смағұлова белсенді атсауына, дебат турниріне қатысуға ниет білдірген оқушыларды дайындап, пікірсайыстың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты.

Қалалық дебат турнирі оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеуіне жағдай жасап қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, өз пікірін дәлелдей алатын белсенді тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік берді. Осындай зияткерлік сайыстар жастардың білімін жетілдіруге және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына жол ашады.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

Жүзден жүйрік шыққандар

Қарағанды қаласындағы №2 Оқушылар сарайында өткен 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңін қорытындылау салтанаты өңірдің зияткерлік әлеуетін айқындаған айрықша жиын болды.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл облыс бойынша 904 оқушы білім бәйгесіне қатысып, соның 416-сы жүлдегер атанды. Бұл көрсеткіш – дарынды балаларды қолдау бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Олимпиаданың басты мақсаты – қабілетті жастарды анықтау, олардың ғылыми ізденісін шыңдау және халықаралық деңгейдегі сайыстарға дайындау.

Облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев олимпиаданың мән-маңызына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бұл білім бәйгесі – тек озат оқушының ғана емес, ұстаздар қауымының, тұтас мектеп ұжымының ортақ жеңісі.

– Біз олимпиаданы жеке бір баланың жетістігі деп қарамаймыз. Бұл – шәкіртті ғылым жолына жетелеген ұстаздың, жағдай жасаған

мектептің, қолдау білдірген ата-ананың жеңісі. Білімді ұрпақ – ел келешегінің кемел кепілі. Бүгін сахнаға көтерілген әрбір оқушы – үлкен еңбектің жемісі, – деді басқарма басшысы.

Ол сондай-ақ, облыстық кезеңде мектеп туын желбіретіп шыққан жеңімпаздарға ризашылығын білдіріп, алдағы жауапты сындарға сенім артты.

– Бүгін сіздер өз мектептеріңіздің намысын қорғап, абыройын асқақтаттыңыздар. Бұл – зор мақтан. Ертең республикалық, халықаралық білім додаларында көк Туымызды биікте желбіретесіздер деп сенемін, – деді ол.

Биылғы олимпиадада айрықша көзге түскен білім ордаларының бірі – №1 Білім-инновациялық лицей-интернаты. Оқушылары топ жарып, жалпыкомандалық есепте де жоғары нәтиже көрсетті.

Биыл облыстық кезеңге лицей-

ден 71 оқушы қатысып, соның 49-ы жүлдегер атанды. 17 оқушы республикалық кезеңге жолдама алды. Бұл – мектеп тарихындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

Облыстық олимпиада жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша 13 пәннен өткізілді. Лицей шәкірттері дәстүрлі түрде жаратылыстану-математика бағыты бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Физика, математика, химия, биология пәндерінен жүлделі орындардың басым бөлігі осы білім ордасының еншісінде.

– Бізде пәндік үйірмелер мен тереңдетілген курстар тұрақты жұмыс істейді. Әр оқушының жеке білім траекториясы жасалады. Ұстаздарымыз тәжірибе алмасып, жана әдістермен енгізуге басымдық береді. Ең бастысы – балалардың ғылымға деген қызығушылығын ояту. Республикалық

кезең – халықаралық олимпиадаларға іріктеудің шешуші сатысы. Бүгінде халықаралық деңгейдегі жеті атаулы олимпиада бар. Сол байқауларға қатысатын ұлттық құрама республикалық кезең нәтижесі бойынша жасақталады. №1 Білім-инновация лицейінің оқушылары қазірдің өзінде республикалық құрама сапында. Бұл – мектептің олимпиадалық даярлау жүйесінің орныққанын, білім сапасының тұрақты деңгейге көтерілгенін көрсетеді, – дейді лицей директоры Жасұлан Алмағанбетов.

№1 Білім-инновация лицейінің 11-сынып оқушысы Әлихан Жұмағали 7-сыныптан бері олимпиадаларға қатысып келеді. Оның сүйікті пәні – биология, сондықтан, осы бағытқа дайындыққа ерекше көңіл бөлген.

– Бұл жетістік – тек менің ғана емес, ұстаздарым мен ата-анамның еңбегінің жемісі. Облыстық кезең мен үшін үлкен тәжірибе болды. Енді республикалық кезеңде Қарағанды облысының намысын қорғау – жауапкершілік. Қарсыластарымыз мықты, дайындықты күшейтіп, білімді одан әрі тереңдетемін, – дейді жас дарын.

Жабылу салтанатында жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша жүлделі орын иегерлері марапатталды. Сондай-ақ, «Ең жас олимпиада қатысушысы», «Үздік жетекші», «Үздік серіктес» номинациялары табысталып, ұстаздар мен серіктес ұйымдардың еңбегі ескерілді.

Өнерпаз жастардың биі мен әні кештің мазмұнын әрлей түсті. Қазіргі жаһандану дәуірінде елдің бәсекеге қабілеттілігі білім сапасымен өлшенеді. Ғылым мен технология дамыған заманда зияткерлік капитал – ең құнды байлық.

Суретті түсірген
Бахтияр РЫМБАЕВ

• ФУТБОЛ

Жаңа маусымға қызу дайындық

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының Түркиядағы үшінші оқу-жаттығу жиындары әлі жалғасуда. Бұл жолы жерлестер оқу-жаттығу жиындары аясында екі жолдастық кездесу өткізді. Әуелі ресейлік «Балтика-2» командасымен кездесіп, 1:2 есебімен, кейін тағы бір ресейлік «КДВ» клубымен ойнап 2:3 есебімен жеңіліп қалды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Балтика-2» клубына қарсы өткен кездесуде жерлестер алғашқы минуттардан-ақ жоғары қарқын танытып, ойын тізгінін қолға алуға ұмтылды. Шабуылды үдетіп, қарсылас қақпасын үздіксіз торуылдады. Алайда, қарсы тарап та осал емес. Әрбір шабуылға нүкте қойып, қарсы шабуыл ұйымдастырып отырды. Осы матчта «Шахтер» сапындағы шабуылшы Глеб Макридов шеберлігімен дараланып, есеп ашқан еді. Дегенмен, ойын тағдыры бір ғана голмен шешілген жоқ. Қарсыластар тәжірибелі қақпашы Игорь Шацкийді қапы қалдырып, қақпаға қос гол салып кетті.

Екінші кездесу Томскіден келген «КДВ» клубына қарсы өтті. Қос команда да алаңға барынша жинақы шыққан. Нәтижесінде, матч тартысты өтті. Өкінішке қарай, бұл жолы да басымдық қарсыластар жағында болды. Жерлестер сапынан Владислав Прокопенко мен қосалқы құрамнан алаңға шыққан Аруп Саутов мергенділігімен көзге түсті.

Алайда, қос гол жеңіс үшін жеткіліксіз еді. Нәтижесінде, қарсыластар «Шахтер» қақпасына үш гол салып, 2:3 есебімен жеңіске жетті. Команда тағы да минималды айырмамен есе жіберіп, жанкүйерлерін өкінішке қалдырды.

Айта кетейік, бұл жолдастық кездесулердегі нәтиже бірінші кезекте тұрған жоқ. Мұндай матчтардың басты мақсаты – команданың жаңа маусымға дайындығын пысықтау, ойын жүйесін жетілдіру. Сонымен қатар, құрам арасындағы өзара үйлесімді арттыру. Ал, бапкерлер штабы үшін тактикалық сызбаларды сынақтан өткізу, ойыншылардың алаңдағы байланысын жетілдіру. Сондықтан, бұл кездесулер ең алдымен тәжірибе мен талдау алаңы ретінде қарастырылған. Команданың жаңа маусымға тыңғылықты, тактикалық әрі физикалық тұрғыдан дайын оралуы – басты міндет.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ЕРКІН КҮРЕС

Қоржында – қола жүлде

Беларусь астанасы Минск қаласында еркін күрестен үш дүркін Олимпиада чемпионы Александр Медведь атындағы халықаралық Гран-при турнирі өтті. Аталған турнирде Қазақстан құрамасы да қатысып, жалпы 14 жүлдеге қол жеткізді. Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық Нұркерім Ернияз да бар.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, ұлттық құрама қоржынына бір алтын, төрт күміс және тоғыз қола медаль түскен. Оның екі күмісі мен екі қола медальі ұлттық құраманың арулары

олжалаған.

92 келіге дейінгі салмақта сығна түскен жерлесіміз Нұркерім Ернияз ел қоржынына қола жүлде салды. Турнирдің алғашқы белдесуінде Әзербайжан спортшысына есе жіберген еді. Кейін тәжік және ресейлік балуанмен белдесіп, ай-

қын басымдықпен жеңіске жеткен. Нәтижесінде, байрақты бәсекеден қола жүлдемен оралды. Ал, жерлесіміздің алғашқы қарсыласы, яғни, әзербайжандық балуан осы салмақта чемпион атанған.

Сонымен қатар, бұл жарыс Нұркерім Ернияз үшін

халықаралық аренадағы маңызды тәжірибе болды. Жас балуанның мұндай деңгейдегі турнирде жүлдегер атануы оның шеберлігі мен табандылығын айқын көрсетті. Спорт мамандарының айтуынша, Нұркерімнің бұл жетістігі алдағы ірі додаларға, соның ішінде әлемдік және құрлықтық чемпионаттарға тың серпін беріп, Қарағанды өңіріндегі еркін күрестің дамуына да оң ықпал етпек.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» жартылай финалға жақын

Хоккейден ел чемпионатының плей-офф кезеңінде қарағандылық «Сарыарқа» өз алаңында рудныйлық «Горнякты» 6:2 және 5:1 есебімен жеңген болатын. Сырт алаңда өткен қарымта кездесуде жерлестер бірінші матчта 2:3 есебімен жеңілсе, екінші кездесуінде 4:1 есебімен есе қайтарды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сырт алаңда өткен алғашқы кездесуде жерлестер бірінші болып, есеп ашқан еді. Ойынның небәрі 2-ші минутында Егор Кузьменко қарсылас қақпасынан саңылау тапқан. Алайда, бірінші таймның аяқталуына санаулы минут қалғанда алаң иелері таразы басын теңестіріп кетті.

Екінші айналымда да дәл солай. «Сарыарқа» шабуылшысы Артем Лихотников 20-шы минутта есеп ашып, командасын алға шығарған болатын. Өкінішке қарай, қарсыластар 38-ші минутта есепті 2:2-ге жеткізді. Үшінші айналымда қос команда нәтиже тіркемеді. Таблодағы көрсеткіш өзгермей, кездесу овертайм уақытына со-

зылған. Бұл жолы алаң иелері басым түсіп, овертаймда салған жалғыз шайбасы кездесу тағдырын шешті.

Сырт алаңдағы қарымта кездесуде «Сарыарқа» мұз айдынына қарқынмен шықты. 8-ші минутта – Данила Карабан, 23-ші және 36-шы минутта Егор Кузьменко шайба салып, есепті 3:0-ге жеткізген. Алаң иелері үш шайбаға жауап ретінде тек 51-ші минутта бір шайбаға ғана жауап қайтара алды. Қарағандылықтар бұнымен тоқтап қалған жоқ. Шабуылға қайта шығып, қарсылас қақпасын қайта-қайта нысанаға алды. Осындай ұрымтал сәтте Егор Кузьменко ойындағы үшінші шайбасын салып, командасына жеңіс сыйлады.

– Қарсыластарды өз алаңымызда екі рет жеңгеннен шығар, үшінші кездесуде бо-



саңсып қалғанымыз рас. Қарсыластар осы сәтті пайдаланып, жеңіске жетті. Бұл жолы шыны керек, «Горняк» жақсы ойнады. Әсіресе, овертайм уақытын өз пайдаларына шешті. Бірақ, екінші матчта біз ондай қателікке бой алдырмадық. Алаңға басқа тактикамен, басқа құраммен шығып, жеңіске жеттік. Бұнымен ойын біткен жоқ. Бесінші кездесуіміз бар. Шешуші матчта міндетті түрде жеңуіміз қажет. Оған көңіл-күй де, жігер де басым. Біз ең әуелі жанкүйерлер үшін ойнаймыз. Әр ойынды жібермейтін барша жанкүйерге алғысымды айтамын. Жанкүйерлер сенімін ақтау үшін міндетті түрде жеңіске жетеміз, – деді шабуылшы Егор Кузьменко.

Әзірге қос команда арасындағы жалпы есеп – 3:1. Қарағандылықтар алда. Енді шешуші, яғни, бесінші кездесу – Қарағандыда. Егер жерлестер бұл кездесуде жеңіске жетсе, келесі айналымға жолдама алады. Ал, жеңіліп қалса, қайта бір матч ойнамақ. Ол ойын сырт алаңда өтеді.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Тарапалы 4 035

№25 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ